

«БЕКЕТ-2025» ӨЗ МӘРЕСІНЕ ЖЕТТІ

Шығыс Қазақстан облысының аумағында 29 қыркүйек пен 4 қазан аралығында Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі мен Ұлттық экономика министрлігі бірлесіп ұйымдастырған «Бекет-2025» кешенді оқу-жаттығулары өткізілді. Бұл оқу-жаттығулардың басты мақсаты – елдің қорғаныс қабілетін арттыру, әскери және азаматтық құрылымдардың өзара іс-қимылын пысықтау, төтенше және ерекше жағдайлар кезінде әрекет ету дағдыларын жетілдіру болды.

Бүгін осы оқу-жаттығулардың қорытынды жиыны өтіп, оған Шығыс Қазақстан облысының әкімі Нұрымбет Сақтағанов пен Қазақстан Республикасы Қарулы күштері Бас штабының бастығы – Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары генерал-лейтенант Сұлтан Камалетдинов қатысты. Жиында аймақ басшысы оқу-жаттығулардың маңыздылығына тоқталып, «Оқу-жаттығулар кезінде біз түрлі күрделі жағдайлармен бетпе-бет келіп, мол тәжірибе жинадық. Бұл бізге кемшіліктерді анықтап, оларды жою бағытында нақты шаралар қабылдауға мүмкіндік береді. Мұндай іс-шаралар барлық деңгейдегі лауазымды тұлғалардың мобилизация саласындағы біліктілігін арттырып, азаматтарды уақтылы хабардар ету және барлық құрылымдардың үйлесімді жұмысын қамтамасыз етеді», – деді.

Өз кезегінде генерал-лейтенант Сұлтан Камалетдинов оқу-жаттығулар барысында жергілікті атқарушы органдар мен күштік құрылымдардың іс-қимылына жоғары баға беріп, олардың ерекше жағдайларда жұмыс істеуге дайындығын атап өтті. Ол сондай-ақ азаматтарды уақтылы хабардар ету мен барлық құрылымдардың өзара іс-қимыл үйлесімділігінің маңыздылығын ерекше атап өтті.

Оқу-жаттығулар барысында Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік комитеті Шекара қызметінің Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің жеке құрамы өз кәсіби шеберлігін көрсетті. Департамент бастығы полковник Бауыржан Садыковтың басшылығымен шекарашылар заңсыз шекара бұзуға әрекет жасаған қарулы топтарға қарсы арнайы мақсаттағы бөлімшелердің



тойтарыс беру тактикасын іс жүзінде орындады. Бұл жаттығулар барысында шекарашылар заманауи арнайы техника мен қару-жарақты қолдану тәсілдерін таныстырып, шекараның қорғанысын нығайту бағытындағы кәсіби дайындықтарын көрсетті. Сонымен қатар бөлімшелердің ұтқырлығы, байланыс жүйесінің сенімділігі

және командалық басқарудың үйлесімділігі іс жүзінде дәлелденді.

«Бекет-2025» оқу-жаттығулары еліміздің қорғаныс қабілетін нығайтудағы маңызды шаралардың бірі болды. Оқу-жаттығу барысында мемлекеттік органдар мен күш құрылымдарының өзара іс-қимылы, ақпарат алмасу және жедел шешім қабылдау дағдылары

жаңа деңгейге көтерілді. Шығыс Қазақстан облысы әкімдігі, Қорғаныс министрлігі, ҰҚК Шекара қызметі, Төтенше жағдайлар департаменті және өзге де ұйымдардың бірлескен іс-әрекеті мемлекеттің қорғаныс жүйесінің сенімділігін тағы бір мәрте дәлелдеп берді.

Бұл оқу-жаттығулар – еліміздің қауіпсіздігі жолындағы тұрақтылық

пен бірліктің айқын көрінісі. Ел шебін күзетіп жүрген шекарашылар мен әскери қызметшілердің кәсіби дайындығы – Тәуелсіз Қазақстанның қорғаныс қабілетінің басты тірегі болып қала береді.

Подполковник Ф.БАКЕТОВ,
«OS-ЧР».Суреттерді түсірген автор.



ҰЛТТЫҚ
ШЕПТИҢ
ҰЙЫТҚЫСЫ

2



ЖАУАПКЕРШІЛІК
ПЕН АРМАН
ТОҒЫСҚАН ШЕП

4



ТАРАЗ
ШЕКАРА
ШЕБІНЕ –
25 ЖЫЛ

5

ҰЛТТЫҚ ШЕПТІҢ ҰЙЫТҚЫСЫ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаментіне қарасты Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасының «Ұзынбұлақ» шекара бөлімшесі – еліміздің шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуде айрықша орын алатын бөлімшелердің бірі. 1982 жылдан бері Мақаншы ауданының Жарбұлақ ауылдық округі аумағында орналасқан бұл бөлімше Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзетуде сенімді тірекке айналып отыр.



Шекара шебінде орналасқан «Ұзынбұлақ» бөлімшесінің негізгі мақсаты – Алакөл бағыты бойынша мемлекеттік шекараның тұтастығын сақтау және қауіпсіздігін қамтамасыз ету. Географиялық жағынан күрделі, табиғаты қатаң бұл өңірде қызмет атқару – нағыз ерлердің ісі. Бөлімше қазіргі заманға сай инженерлік құрылыстармен, бақылау жүйелерімен және арнайы техникамен толық жабдықталған. Сонымен қатар, жеке құрамның жауынгерлік және тұрмыстық жағдайын жақсартуға ерекше көңіл бөлінуде.

Бүгінгі таңда бөлімше құрамында кәсіби дайындықтан өткен, рухы биік, шекарашының атына лайық әскери қызметшілер өз міндетін абыроймен атқаруда. Әрбір шекарашы үшін бұл тек қызмет емес – ел алдындағы қасиетті парыз. Олар өздеріне сеніп тапсырылған шекара учаскесін көздің қарашығындай сақтап, ел тыныштығын күзетуде. «Біздің басты ұстаным – шекара бүтін болса,

мемлекет те мызғымайды», – дейді шекарашылар.

«Ұзынбұлақ» шекара бөлімшесі мемлекеттің шекаралық қауіпсіздігін сақтау мақсатында заңдық және нормативтік құжаттар негізінде күнделікті жауынгерлік-қызметтік жұмыстарды сапалы ұйымдастырады. Бөлімше аумағында орын алуы мүмкін кез келген заңсыз әрекеттердің алдын алу мақсатында жоспарлы тексерулер мен бақылаулар тұрақты түрде өткізіледі. Әскери қызметтің бұл тәртібі – ел шекарасының тыныштығы мен тұрақтылығының кепілі.

Әскери өмір – тәртіп пен төзімділіктің мектебі. «Ұзынбұлақ» шекарашылары күнделікті оқу-жаттығу сабақтары арқылы өз кәсібилігін арттырып, кез келген жағдайға дайын болуды мақсат тұтады. Жауынгерлік даярлық, физикалық шынығу және тактикалық машық – олардың өмір салтына айналған. Осындай үздіксіз дайындықтың арқасында бөлімше сарбаздары кез келген жағдайда өз міндетін жоғары деңгейде орындай алады.

Шекарадағы қызметтің бір ерекшелігі – елмен етене байланыс орнату. «Ұзынбұлақ» бөлімшесі жергілікті халықпен тығыз қарым-қатынаста жұмыс істейді. Мектеп оқушыларына арналған ашық есік күндері, таныстыру экскурсиялары мен «Шекарашының жас досы» атты тәрбиелік бағдарламалар жүйелі түрде өткізіледі. Мұндай іс-шаралар жас ұрпақтың бойында патриоттық сезім мен елге деген сүйіспеншілікті қалыптастырады.

Сонымен қатар бөлімше жеке құрамының рухани-адамгершілік тәрбиесіне де үлкен мән береді. Әскери қызметшілер бос уақыттарында спорттық жарыстар мен мәдени іс-шараларға қатысып, ұжымдық рухты нығайтуда. «Жігерлі шекарашы – мықты елдің қорғаны» деген ұстанымды басшылыққа алған бөлімше ұжымы өзара сыйластық пен бірлікке

негізделген орта қалыптастырған.

«Ұзынбұлақ» шекара бөлімшесі Қытай Халық Республикасымен шектесетін 16 шақырымға жуық шекара сызығын күзетеді. Бұл бағытта екі елдің шекара құрылымдары өзара келісім негізінде бірлесе жұмыс істейді. Біріккен тексерулер мен ақпарат алмасу шаралары тұрақты түрде өткізіліп тұрады. Бұл – халықаралық ынтымақтастықтың және шекаралық тәртіптің нақты көрінісі.

Бөлімше құрамының басым бөлігі жас офицерлер мен сарбаздардан тұрады. Сол себепті де олардың бойына патриоттық рухты, ұлттық құндылықтарды сіңіру – басшылықтың басты бағытының бірі. «Отанды қорғау – ең үлкен ерлік» деген түсінік әрбір жас шекарашының жүрегінде орныққан.

Бүгінде «Ұзынбұлақ» шекара бөлімшесіне аға лейтенант Қуанышбек Азат Қанатбекұлы басшылық етеді. 1999 жылы Түркістан облысы, Сарығаш ауданы Тасбұлақ ауылында дүниеге келген ол, 2021 жылы ҚР ҰҚК Шекара академиясын тәмамдап, ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаменті Мақаншы ауданы бойынша шекара басқармасының «Долаты» шекара бөлімшесінде қызмет жолын бастаған. 2023 жылдан бері «Ұзынбұлақ» бөлімшесінің бастығы лауазымында. Оның өмірлік ұстанымы айқын: «Мемлекеттің шекарасы – елдің намысы. Шекараны қорғау – ең қасиетті борыш».

Бүгінде «Ұзынбұлақ» бөлімшесінің шекарашылары ел сенімін ақтап, тәуелсіз Қазақстанның шекарасын қорғауда табандылық пен батылдық танытып келеді. Олардың еңбегі – тыныш таң мен бейбіт күннің кепілі.



Аға лейтенант Е.ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР».
Суреттер шекара бөлімшесінен.

ТАУДАҒЫ ҚЫРАҒЫ КҮЗЕТ

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Түркістан облысы бойынша департаментіне қарасты Төлеби ауданы бойынша шекара басқармасының «Өгем» шекара бөлімшесі 1999 жылы құрылған сәттен бастап мемлекеттік шекараны қорғаудың сенімді тірегіне айналды. Бөлімшенің жауапкершілік учаскесінің ұзындығы – 36 шақырым. Бұл – таулы қыратты, ауа райы құбылмалы, табиғаты күрделі аймақ. Дегенмен шекарашылар үшін әр шақырым – Отан алдындағы қасиетті борыш. «Өгем» шекара бөлімшесі мемлекеттік шекараны инженерлік тұрғыда толық жабдықталмаған аумақта күзетеді. Мұнда 4 шекара белгісі орнатылған, сондай-ақ тікұшақ қону алаңы бар. Осы ерекшеліктер бөлімшенің қырағылық пен кәсіби шеберлікті талап ететін күрделі жағдайда қызмет атқаратынын айқын көрсетеді.



2025 жылдың қыркүйек айынан бастап «Өгем» шекара бөлімшесін капитан Қалым Бекалы Дүйсенбекұлы басқарады. Ол – Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Сарыкемер ауылының тумасы. 2020 жылы Шекара академиясын тәмамдап, жас болса да жауапты қызметті абыроймен атқаруда. Оның басшылығымен бөлімше жеке құрамының кәсіби деңгейі, ұйымдасқан әрекеті мен нәтижелі жұмысы айқын байқалып отыр.

Биылғы жылы бөлімше бірқатар жетістіктерімен ерекшеленді: Төлеби ауданы бойынша шекара басқарма-

сының бөлімшелері арасында «Үздік қару сақтауға арналған бөлме» номинациясы бойынша II орын иеленді, «Үздік іздеу тобы» шекара наряды жарысында да II орынға табан тіреді, бөлімше бастығының орынбасары ТМД мемлекеттерінің арасында өткен қызметтік биатлон жарысында III орынға ие болды. Бұл нәтижелер – ұжымдағы тәртіп пен кәсібиліктің айқын көрінісі, сондай-ақ жас командирдің басқару қабілетінің жемісі. 2025 жылы бөлімше әскери қызметшілері 35-ке жуық шекара режимін бұзушыны ұстады. Бұл – шекара нарядтарының және іздестіру топтарының тиімділігін дәлелдейтін нақты көрсеткіш.

Төлеби тауларының етегінде орна-

ласқан «Өгем» шекара бөлімшесі – тек стратегиялық маңызы бар бекет ғана емес, кәсібилік пен патриотизмнің мектебі. Қырағы да табанды шекарашылар күн сайын Отанның қауіпсіздігі үшін қызмет атқарып, елдің тыныштығы мен тұрақтылығын күзетуде.



Майор Р.АСАДИЛОВ, «OS-ЧР».
Суреттер шекара басқармасынан.

«КІШКЕНЕКӨЛ» – ДЕРЖИМ ЛИНИЮ КРЕПКО!

На севере страны есть пограничный отдел «Кішкенекөл» являющийся неприступным заслоном. С 2001 года отдел стоит на рубеже, где не только следят за безопасностью страны, но и служат примером того, каким должен быть настоящий пограничник – неравнодушным, сильным, ответственным.

Пограничный отдел «Кішкенекөл» открыт в числе первых 3 пограничных подразделений в образованной войсковой части 2032. И с самого основания здесь служат люди, которые не задают лишних вопросов. Они просто делают свою работу – четко, слаженно и без права на ошибку. В этом году отдел в очередной раз подтвердил свое лидерство в системе ДПС по СКО. По итогам комплексной проверки пограничный отдел продемонстрировал один из лучших показателей.

С первого до последнего километра самого протяженного участка в Департаменте ведется постоянное наблюдение, патрулирование, аналитика. За прошедшие 9 месяцев т.г. военнослужащие отдела предотвратили две попытки пересечения

границы – одну с востока, другую с запада. В первом случае – двое граждан Королевства Марокко пытались на удачу пересечь линию, ориентируясь по телефону. Во втором – гражданин Узбекистана, по словам которого «заблудился». Только вот с таким «заблуждением» можно нанести серьезный вред безопасности.

Кроме того, задержано трое нарушителей Государственной границы, зафиксировано 43 нарушения режима Государственной границы и 32 нарушения пограничного режима. Это значит, что ежедневно пограничники отслеживают движение,



проводят опросы, проверяют документы и контролируют территорию.

Но пограничный отдел «Кішкенекөл» прославился не только оперативной работой. Здесь давно поняли: защита Родины – это еще и забота о ее гражданах.

За год пограничники 15 раз выезжали на помощь местному населению. В шести случаях – оказывали практическую помощь пенсионерам: укрывали крыши, помогали с дровами, утепляли дома к зиме. Казалось бы, мелочи, но в одиночестве старому человеку даже починить калитку – задача неподъемная. Там, где не доедет коммунальная служба, всегда пройдет пограничный УАЗ с помощью.

В рамках акции «Дорога в школу» пограничники неоднократно



ратно помогали семьям собрать детей в учебные заведения. Это не просто подарить рюкзак или форму – это поддержать тех, кто воспитывает будущее поколение казахстанцев.

И еще трижды была оказана материальная помощь пенсионерам, оказавшимся в трудной жизненной ситуации. Не по указанию, не по инструкции, а по велению совести. И таких историй в пограничном отделе много, просто о них не принято кричать. Их просто делают.

Особая строка в летописи отдела – помощь в экстренных ситуациях. Весной этого и прошлого годов, когда в регионе бушевали паводки, именно военнослужащие пограничного отдела «Кішкенекөл» вывозили жителей отрезанных сел, доставляли продукты и медикаменты, проводили первоочередную эвакуацию скота.

Зимой все повторилось, но уже в снежной стихии. Силами отдела удалось вывезти несколько машин, застрявших

в степи, спасти жизни людей, замерзающих на трассе.

Отдел активно живет и вне боевых задач. В феврале этого года здесь прошел турнир по футболу, Абайские чтения, вечер памяти воинам-интернационалистам. Также в военно-патриотической игре «Жас шекарашы» приняли участие десятки школьников.

Умение держать границу, умение быть рядом с народом, умение не бросать в беде – это и есть настоящий патриотизм. Он не кричит, не требует внимания. Он просто каждый день в строю. И когда спрашивают: «А кто у вас там в «Кішкенекөле» служит?», мы спокойно отвечаем: «Те, кто охраняют границу!».



Майор Д.МУКАЖАНОВА, «ОС-ЧР».
Фото из подразделения границы.

ШАЛҒАЙДАҒЫ БӨЛІМШЕ

ЕРЛІК МЕКЕНІ

Павлодар облысының Ертіс ауданы, Амангелді ауылы бүгінде еліміздің тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырған «Амангелді» шекара бөлімшесінің тұрақты мекені.

Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметінің жаңа бөлімшесі – «Амангелді» шекара заставасы 2001 жылы құрылып, ел шебін қорғау сапында өз туын көтерді.

2006 жылы әскери нысан жаңа ғимаратқа көшірілсе, 2013 жылы заман талабына сай модульдік үлгідегі жаңа застава іске қосылды. Бұл жеке құрамның тұрмыстық әрі қызметтік жағдайын түбегейлі жақсартқан айтулы оқиға болды. Қазіргі заманғы техникамен жабдықталған бөлімшеде жатын және оқу бөлмелері, спорт алаңы мен демалыс бөлмесі бар. Осының барлығы да мұндағы шекарашылардың жауынгерлік рухын көтеруге бағытталған.

Қазіргі таңда бөлімшені аға лейтенант Диас Құмарбеков басқарады. Өзі ісіне адал, жауапкершілігі жоғары офицер жеке құраммен

етене жұмыс істей отырып, тәртіп пен бірлікті басты ұстаным еткен. Сонымен қатар, аға лейтенант Д.Құмарбеков спортты серік еткен шекарашы. Ол қызметтік шаңғы-биатлон бойынша өткен республикалық турнирде II орын



иеленіп, Павлодар облысы бойынша департаменттің намысын абыроймен қорғады.

Тәрбиелік жұмыстары жағынан бөлімше бастығына жас та болса болашағынан зор үміт күттіретін офицер лейтенант Диас Кенжебеков көмек көрсетуде. Ол Шекара академиясының 2024 жылғы тү-

легі болып табылады. Бір қызығы, «Амангелді» шекара бөлімшесінде қызмет атқарып жүрген қос Диас – бір мақсатқа бағытталған, көзқарасы мен ұстанымы ортақ офицерлер. Аты да, ниеті де ұқсас екі офицер бүгінде бірін-бірі түсініп, өзара сыйластықта шекара бөлімшесінің ортақ мүддесі үшін қызмет етуде.

Жеке құрам арасында жақсы жағынан ерекшеленген ефрейторлар Берік Каленов пен Асылхан Туяков өз қызметтерін адал атқарып, бөлімше беделін асқақтатып жүрген әскери қызметшілер.

Жауынгерлік қызметіне тоқталар болсақ, 2023 жылы «Амангелді» шекара бөлімшесінің «Дабыл тобы» жедел әрекет етіп, мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өтпек болған екі Марокко азаматын ұстады. Кейінгі жылдары да бөлімше ұжымы шекара қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жоғары нәтижелерге қол жеткізді. Тек 2025 жылдың өзінде шекара режимін бұзған 6 адам мен шекаралық аймақ тәртібін сақтамаған 10 азамат ұсталды. Барлығы заң аясында тиісті органдарға тапсырылды.

Бүгінгі таңда «Амангелді» шекара бөлімшесі патриотизм мен



ерліктің мектебі. Мұнда қызмет етіп жүрген әрбір әскери қызметші үшін «шекара» ұғымы Отанның шегі ғана емес, ар-намыстың, жауапкершіліктің өлшемі.

Тәуелсіз еліміздің тыныштығын күзетіп, көк туымыздың көкжиекте еркін желбіреуін қамтамасыз етіп жүрген «Амангелді» шекара бөлім-



Майор Г.САДЫКОВА, «ОС-ЧР».
Суреттер шекара бөлімшесінен.

Таңғы тыныштықты тау етегінен соққан самал ғана тербеткендей. Бірақ бұл маңда бәрі ұйқыда емес. Шекара шебімен қатар созылған далада өмірдің басқа ырғағы бар – ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Жамбыл облысы бойынша департаментінің Жамбыл ауданы бойынша шекара басқармасының «Жасөркен» шекара бөлімшесінің сарбаздары жаңа күнмен бірге сап түзеп, мемлекеттік шекараны күзетке алады. Олардың әр қадамы – қырағылық, әр қарасы – сенім мен жауапкершіліктің көрінісі. Өйткені бұл жер – жай ғана шекара сызығы емес, ел тәуелсіздігі мен тыныштығының нышаны.

«ЖАСӨРКЕН» – ЕЛ ҚАУІПСІЗДІГІНІҢ ТІРЕГІ

Мұнда техникалық бақылау жоғары деңгейде жолға қойылған. Заманауи бейнебақылау жүйелері шекараның әр нүктесін қадағалап, тәулік бойы үздіксіз жұмыс істейді.

Арнайы бақылау залында кезекші офицерлер мен операторлар экраннан көз алмай, әр бағыттағы қозғалысты назарда ұстайды. Камералар күн мен түннің кез кел-

ген сәтінде анық көрініс беріп, ең алыстағы соқпақтар мен жасырын өткелдерді де көрсетеді. Бұл заманауи құралдар шекарашылардың жұмысын жеңілдетіп қана қоймай, қауіпсіздікті қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады.

Бірақ техника адам қырағылығын алмастыра алмайды. Сол себепті сарбаздар күн сайын жаяу нарядқа шығып, шекара сызығын бойлай тексеріс жүргізеді. Олар бақылау жолақтарын қарап, кез келген күмәнді ізге назар аударады. Қажет болған жағдайда дереу хабар беріп, тиісті шара қабылдайды. Қыстың қақаған аязында да, жаздың ми қайнатқан ыстығында да олар өз міндетінен танбайды. Себебі шекарашы үшін табиғаттың қиындығы емес, Отан алдындағы борыш – ең бастысы. Бөлімше өмірі тәртіп пен

дайындыққа негізделген. Таңғы сап, күн сайынғы жаттығулар, қаруды тексеру, жауынгерлік дайындық – барлығы сарбаздың бойына жинақылық пен ұқыптылықты сіңіреді. Мұнда әр минут есептеулі, әр іс жоспарлы. Жас сарбаздар тәжірибелі офицерлерден шекара қызметінің қыр-сырын үйреніп, нағыз әскери тәртіптің маңызын ұғынады. Байланыс құралдары мен радиожүйелер үнемі жұмыс істеп, ақпарат уақытында жеткізіліп отырады.

«Жасөркен» шекара бөлімшесінің бастығы – майор Қасымхан Сихымбаев. Ол үшін шекара күзетінде ұсақ-түйек деген ұғым жоқ. Майор Сихымбаев сарбаздар тәртібін қатаң қадағалап, әрбір әскери қызметшінің бойында жауапкершілік пен ұжымшылдық сезімін қалыптастыруға ерекше

мән береді. Оның басшылығымен бөлімше ұжымы бірлікте жұмыс істеп, мемлекеттік шекараны қорғау ісін мінсіз орындауға ұмтылады. Тәртіп пен қамқорлық қатар жүрген жерде сарбаздың рухы да биік, сенімі де берік болмақ.

«Жасөркен» шекара бөлімшесі бүгінде тек күзет нүктесі емес – бұл техника мен адам қажырлығы үйлескен сенімді шеп. Мұндағы әр сарбаздың еңбегі, әр офицердің жауапкершілігі – ел тыныштығының тірегі. Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы осы учаске тәуелсіз еліміздің оңтүстік қақпасын берік күзетіп, бейбіт өмірдің баянды болуына үлес қосуда.

**Капитан А.ЖЕКСЕНБИН,
«OS-ЧР». Суреттер
шекара бөлімшесінен.**



ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН АРМАН ТОҒЫСҚАН ШЕП

Еліміздің тыныштығы мен тәуелсіздігін күзету – әрбір шекарашының қасиетті борышы. Бұл жауапты міндетті абыроймен атқару – жүрегінде Отанына деген сүйіспеншілігі бар, ерік-жігері мен табандылығы мықты азаматтардың ғана қолынан келетін іс. Осындай батыл да адал шекарашы офицерлердің қатарын биыл ҚР ҰҚК Шекара академиясын табысты аяқтап, Шығыс Қазақстан облысы, Зайсан ауданы бойынша Шекара басқармасына келген жас офицерлер толықтырды. Олар – Тәуелсіз елдің жаңа буын шекарашылары, ел қорғаны болуға ант берген әскери жас буын.

2025 жылы Шекара академиясынан түлеп ұшқан бұл офицерлер бүгінде еліміздің ең шығысында – Зайсан өңірінде, мемлекеттік шекараны күзету қызметіне кірісті. Олардың алғашқы әсері, әскери өмірге бейімделу сәттері мен қызметке деген көзқарастары – әрқайсысының өміріндегі үлкен мектеп, маңызды кезең болды. Жаңа орта, жаңа ұжым, қатаң тәртіп пен биік талаптар – жас офицерлер үшін шынайы тәжірибе мен шыңдалу жолы.

Лейтенант Айбек Сулайманов – Қостанай облысының тумасы. Мерзімді әскери борышын өтеген жылдары ол Отанға деген сүйіспеншіліктің не екенін терең ұғынып, әскери өмірге бет бұрған. «Академияға түсу жолында талай сынақтардан өттім, бірақ еш мойымадым. Әскери қызмет маған тәртіп пен табандылықты үйретті. Бүгін мен өзім қалаған жолдамын. Бұл – менің таңдаған жолым, менің өмірім», – дейді жас офицер. Қазір ол Зайсан шекара басқармасының «Майқапшағай» шекара бөлімшесінде абыройлы қызмет атқарып жүр.

Ал Тараз қаласының тумасы, лейтенант Азиз Сексенбаев – мектепті тәмамдаған бойда шекарашы болуды мақсат еткен. Ол өз арманына қол жеткізіп, академияны үздік аяқтады. Қазір ол «Қызыл» шекара бөлімшесінде ел тыныштығын күзетуде. «Әрбір қиындық – жаңа мүмкіндік. Қиын сәттерде ата-анам мен өмірлік серігімнің қолдауы маған күш берді. Бүгінде мен елімнің шекарасында тұрмын – бұл мен үшін үлкен мәртебе әрі мақтаныш», – дейді ол.

Ақтөбе қаласының тумасы, лейтенант Саят Тілектес – армия генералы Сағадат Нұрмағанбетов атындағы «Жас ұлан» мектебінің түлегі. Ерте жастан әскери тәрбие алған ол офицер болуды бала кезінен арман еткен. «Жас ұланда оқып жүргенде



әскери өмірдің мәнін, офицер болудың абырой екенін ұқтым. Бүгін сол бала арманым орындалды. Шекара қызметі – қиын, бірақ абыройлы жол», – дейді Саят. Қазір ол «Орталасты» шекара бөлімшесінде қызмет етуде.

Солтүстік Қазақстан облысы, Тайынша ауданында дүниеге келген лейтенант Бекжан Батырбай да өз ісіне адалдықпен қарап, ел шекарасында қызмет етуде. «Академиядағы төрт жыл – өмірімнің ең маңызды кезеңі. Ол маған тек білім ғана емес, шыдамдылық пен жауапкершілікті де үйретті. Енді мен өз халқымның тыныштығы үшін аянбай еңбек етемін», – дейді ол. Бүгінде Бекжан – «Көктөбе» шекара бөлімшесінде.

Шымкент қаласының түлегі, лейтенант Шыңғыс Келдібек академияға түсу жолында түрлі сынақтардан өтті. Бірақ қайсарлығымен, еңбегімен діттеген мақсатына жетті. Қазіргі таңда ол «Терсайрық» шекара бөлімшесінде адал қызмет атқаруда. «Академияға түсу оңай болмады, бірақ мен ешқашан бас тартпадым. Бүгін мен өз орнымдамын, бұл – еңбектің және табандылықтың жемісі», – дейді ол.

Жетісу облысы, Кербұлақ ауданының Сарыөзек ауылында туған лейтенант Дамир Асқарұлы – спорт пен әскери қызметті қатар алып жүрген жан. Ол – Қазақстан чемпионатының күміс жүлдегері, республикалық және халықаралық турнирлердің жеңімпазы. Республикалық спорт колледжін бітіріп, кейін Шека-

ра академиясында білім алған. «Бала күнгі арманым – еліме қызмет ету. Шекара қызметі – мен үшін абыройлы жол ғана емес, сонымен қатар өзімді шыңдауға, елге пайдамды тигізуге мүмкіндік беретін алаң», – дейді ол. Қазіргі таңда Дамир – «Ақжол» шекара бөлімшесі бастығының орынбасары.

Ал Түркістан облысы, Қазығұрт ауданынан келген лейтенант Муса Болатбек еуелі келісімшарт негізінде әскери қызмет атқарып, кейін офицер болуға ниеттенген. Арманына жету үшін көп еңбектенген ол бүгінде «Майқапшағай» шекаралық бақылау бөлімшесінде топ офицері ретінде қызмет етуде. «Әскерде жүріп офицерлердің жауапкершілігі мен абыройлы еңбегін көріп, мен де солардың қатарында болуды мақсат еттім. Бүгінде сол арманыма жеттім», – дейді ол.

Зайсан өңіріндегі шекара шебінде қызмет етіп жүрген бұл жас офицерлер – елдің қауіпсіздігін қамтамасыз ететін жаңа буын шекарашылар. Олар біліммен, тәртіппен, табандылықпен қаруланған, адалдық пен патриотизмді басты ұстаным еткен мамандар. Шекара қызметі – тек шеп күзету ғана емес, ол – Отан алдындағы адалдықтың, халық сенімін ақтаудың, тыныш өмірді сақтаудың символы.

«Шекараны күзету – тек қызмет емес, бұл – ел мен жерге деген адалдықтың көрінісі. Бізге сеніп тапсырылған аманатты абыроймен ақтау – басты міндетіміз», – дейді жас офицерлер бірауыздан.

Қорыта айтқанда, Зайсан шекара басқармасына келген әрбір жас офицердің өмір жолы – ерік-жігер мен адалдықтың, еңбектің және елге деген сүйіспеншіліктің айқын көрінісі.

Олардың бүгінгі таңда атқарып жатқан қызметі – ертеңгі Қазақстанның қауіпсіздігі мен тұрақтылығының көпірі.



**Подполковник
Ф.БАКЕТОВ, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.**

ТАРАЗ ШЕКАРА ШЕБІНЕ – 25 ЖЫЛ

Қазақстан Республикасының Қырғыз бағытындағы шекарасын нығайту, ҚР ҰҚК Шекара қызметінің жетілу бағдарламасына сәйкес 2000 жылғы 10 қазанындағы Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығына орай, «Тараз» шекаралық бақылау жасағы құрылды. Бұл — Тәуелсіз Қазақстанның оңтүстік шекарасындағы жаңа бетбұрыстың бастауы еді. Еліміз егемендігін енді ғана нығайта бастаған кезеңде, мемлекеттік шекараларды заңдық және инфрақұрылымдық тұрғыдан бекіту — ұлттық қауіпсіздіктің ең маңызды басымдығына айналды.



Әр шекарашы өз борышын адал атқарып, Отан алдындағы сертіне берік болуымен ерекшеленді.

2020 жыл — шекара тарихындағы ерекше бетбұрыс кезеңі. Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитеті Төрағасының 26 наурыздағы №025 бұйрығына сәйкес Шекара қызметінде ауқымды қайта құру жүргізілді. Осы реформаның нәтижесінде «Тараз» шекара жасағының құқықтық және құрылымдық негізі жаңарып, ол жаңа мәртебеге ие болды. Осы күннен бастап бұрынғы 2035 әскери бөлімі негізінде ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Жамбыл облысы бойынша департаменті құрылды.

Бұл шешім шекара қызметін өңірлік деңгейде тиімді үйлестірудің бастамасы болды. Депар-

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Жамбыл облысы бойынша департаменті бүгінде еліміздің оңтүстік шебінде қауіпсіздіктің сенімді қалқанына айналды. Мұнда заманауи бақылау жүйелері, бейнебақылау желілері мен ұшқышсыз ұшу аппараттары қолданылады. Бұл — уақыт талабына сай бейімделген, үздіксіз дамып келе жатқан құрылым.

Департаментке қарасты шекара басқармалары мен бөлімшелер халқымыздың қаһарман ұлдарының есімдерін иеленіп, ұлттық рухты асқақтатып отыр. Жамбыл ауданында — халық қаһарманы, жазушы Бауыржан Момышұлының атымен аталатын шекара бөлімшесі, Меркі ауданында — Кеңес Одағының батыры Сәдуақас Шәкіров және Сыпатай, Андас, Жауғаш, Аспара батырлардың есімдері берілген бөлімшелер бар. Ал Қордай ауданында — Қордай, Қарасай және Өтеген батыр атындағы бөлімшелер қызмет атқаруда.

Бұл атаулар — шекарашылардың бойына рух береді, ұлт намысын ұлықтайды. Әрбір бөлімшенің туы астында — ел қорғауға ант берген ұл-қыздардың батырлық дәстүрі мен адалдық анты жатыр.

Бүгінде бұрынғы 2035 әскери бөлімі — тәуелсіз елдің қауіпсіздік тарихында айрықша із қалдырған құрылым. Оның базасында құрылған Департамент бүгінде шекара қауіпсіздігінің жаңа дәуірін бастап, еліміздің оңтүстік қақпасын мызғымас бекініске айналдырды. Тараз шекара жасағының өткені — бұл батылдық пен адалдықтың, ұлтқа қызмет етудің символы, ал бүгінгі — жаңарған, заманауи, қуатты шекара жүйесінің бейнесі.

Тараз өңірінің әрбір шекарашысы — осы тарихтың жалғасы, осы рухтың иесі. Олардың саптағы адымдары мен жүректегі серті — мемлекеттің тәуелсіздігі мен бейбіт аспанының кепілі.



Капитан А.ЖЕКСЕНБИН, «ОС-ЧР».
Суреттер департаменттен.

2000 жылы Тараз қаласына алғашқы офицерлер мен сарбаздардың келуімен шекара жасағының тарихы бастау алды. Олардың алдында үлкен әрі жауапты міндет тұрды: Қырғыз Республикасымен шектесетін аумақты күзету, мемлекеттің саяси-экономикалық мүдделерін қорғау, заңсыз көші-қон мен контрабандалық әрекеттерге тосқауыл қою, ел тыныштығын сақтау. Бұл міндеттерді орындау үшін жасақ құрамына «Қордай» және «Меркі» шекаралық бақылау бөлімшелері мен «Қордай» шекара комендатурасы енді. Алғашқы әскери қалашық бұрынғы кәсіптік-техникалық училище ғимаратында орналастырылып, шекара қызметінің бастамасы қарапайым, бірақ рухы биік ортада қаланды.

Жамбыл облысының таулы және жазық аймақтарында шекара заставаларын орналастыру — сол жылдардағы басты стратегиялық тапсырма еді. 2001 жылдың сәуірінде «Тараз» шекаралық бақылау жасағының алғашқы бастығы болып подполковник Михаил Сергеевич Лобыкин тағайындалды. Ол 2001–2003 жылдары жасақтың іргесін берік қалыптастырып, ұйымдық және жауынгерлік тәртіпті күшейтті. Оның орынбасары майор Әубәкіров

Құмарбек Найманғазыұлы шекарашылардың тұрмыстық жағдайын жақсарту мен материалдық қамтамасыз ету бағытында зор еңбек сіңірді.

Сол кезеңде еліміздің өзге шекара жасақтарының штаттық негізінен бөлініп, жаңа бөлімшелер құрылды: «Ақсуат», «Гродикова» (қазіргі «Бесағаш»), «Қайыңды», «Күмбел» (2002 жылы қысқартылды), «Қайнар», «Қарасу» және «Михайловка» (қазіргі «Қарасай батыр»). Бұл бөлімшелер Жамбыл облысы шекарасының ең белсенді әрі күрделі бағыттарын қамтыды. Алғашқы командирлер — аға лейтенанттар В.Асанов, Ж.Ермағамбетов, А.Қалтаев, Е.Серікбеков, Р.Умаров және А.Уфимцев — өз борыштарын шын адалдықпен атқарып, тәуелсіз шекара тарихының алғашқы парақтарын жазды.

2001 жылдың желтоқсанында «Айша бибі», «Тараз» (авиациялық), «Нововоскресеновка», «Камышановка» және «Меркі» (теміржол) өткізу пункттерінде шекаралық бақылау жүйесі толық іске қосылды. Шекаралық бақылау қызметін алғаш ұйымдастырған офицерлердің қатарында аға лейтенанттар А.Бетехтин, Б.Қаржаубаев, прапорщиктер Б. Абдраманов, С. Цой,



Т.Тәжібаев және Б.Абдраимов болды. Сол сәттен бастап Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы әкімшілік-аумақтық шекараны жоспарлы және жүйелі қорғау дәстүрі қалыптасты.

Жылдар өте келе «Тараз» шекаралық бақылау жасағы Жамбыл облысындағы мемлекеттік шекараны қорғаудың ірі әскери құрылымына айналды. Бұл жылдар тек қызметтің күшеюі ғана емес, жаңа ұрпақтың қалыптасу дәуірі болды.

таменттің орталығы Тараз қаласында орналасты, ал оның қарамағына үш негізгі басқарма — Жамбыл, Меркі және Қордай аудандары бойынша шекара басқармалары берілді.

2035 әскери бөлімі — Жамбыл ауданы бойынша шекара басқармасы, 2093 әскери бөлімі — Меркі ауданы бойынша шекара басқармасы, ал 2038 әскери бөлімі — Қордай ауданы бойынша шекара басқармасы болып өзгертілді.

ТАПҚЫРЛЫҚТЫҢ ҮЛГІСІ

Шекара күзетінде жүрген сарбаз үшін байланыс — ауадай қажет. Радиостанция арқылы келген әрбір ақпарат — қабылданатын шешімнің негізі. Бірақ кейде табиғат өз дегенін істейді. Қызылорданың жазық даласында биік ағаш та жоқ, табиғи төбе де жоқ. Антенна көтеретін жер таппай, радиобайланыс орнату шекарашыларға оңайға соқпайды.

Осындай қиындықты жеңудің жолын тапқан біздің шекарашылар қазір нағыз тапқырлықтың үлгісін көрсетіп жүр. Олар антеннаны орнату үшін... балық аулайтын қармақты пайдалануда! Иә, кәдімгі қармақ. Бір қарағанда таңғаларлық көрінеді, бірақ бұл шешім күнделікті қызметте өте ыңғайлы әрі тиімді болып шықты.



Қармақтан жасалған ықшам тіреу құралғысы антеннаны әп-сәтте көтеріп, радиобайланысты қалпына келтіреді. Жеңіл, қолайлы, жинауға да, орнатуға да көп уақыт кетпейді. Бір сарбаз өзімен бірге алып жүріп, кез келген жерде қолдана алады.

«Бұрын қолайлы орын іздеп, уақыт жоғалтатынбыз. Қазір қармақты ашып, антеннаны көтерсең — байланыс дайын», — дейді Қызылорда облысы бойынша Шекара қызметі департаментінің офицері,



Подполковник Ж. КЕМЕЛ, «ОС-ЧР».
Сурет департаменттен.

майор Самвел Мкртумян. Оның айтуынша, бұл құралғы шекарашының уақытын үнемдеп қана қоймай, кез келген жағдайда сенімді байланыс орнатуға мүмкіндік береді.

Құралғының басты артықшылықтары көп: ықшам, жеңіл, тез орнатылады және кез келген жерде пайдалануға ыңғайлы. Қызылордада сыналған осы тәжірибе табиғи жағдайы ұқсас өзге өңірлерге де үлгі бола алады.

Қарапайым қармақтан туған идея — шекарашылардың тапқырлығы мен еңбегінің жемісі. Бұл — олардың әр сәтте дайын тұратынын, ел қауіпсіздігі үшін барлық жолды қарастыратынын көрсететін мысал. Осындай жаңашылдық пен табандылық бүгінгі сарбаздарды ерекшелеп қана қоймай, келер ұрпаққа да үлгі болары сөзсіз.



Жыл өткен сайын елімізде өскелең ұрпақты отаншылдыққа баулитын әскери-патриоттық клубтардың қатары артып келеді. Ал шекарашылар үшін бұл – таңсық емес. Кешегі Кеңес Одағының дәуірінде «Шекарашының жас досы» деген атпен шекараға «тарыдай» болып енген үйірмелер бүгінде «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубына айналған...

ПАТРИОТТАР ҚАТАРЫ ТОЛЫҚТЫ

Бұл үшін мысалды алыстан іздеп жатудың қажеті бола қоярма екен? ҰҚК Шекара қызметі Алматы облысы бойынша департаментіне қарасты Райымбек, Қарасай аудандары бойынша шекара басқармалары күзететін аумақтардағы мектептерде ашылған «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубтары бүгінге дейін талай додаға қатысып, жеңімпаз атанып

үлгерді. Бір ғана Алматы қаласындағы № 102-ші орта мектебінің әскери-патриоттық клубы Алматы облысы бойынша департаментінің қамқорлығына алынғанына бірнеше жылдың жүзі болып барады. Лайықты бағасын айту керек, осы аралықта аталған клубтың мүшелері халықаралық, республикалық деңгейдегі түрлі жарыстарға қатысып, жеңімпаз атанып келеді. Десек

те, олар мұнымен шектеліп қалған жоқ, биік шыңдарға көтеріліп, Шекара қызметінің жалауын желбіреткендерінен қалың бұқара хабардар...

Осындай игі шараны аталған департаменттің Сержанттарды даяулау бөлімі бастығының тәрбиелік, идеологиялық жұмыстары жөніндегі орынбасары подполковник Азамат Бимановтың ұйытқы болуымен, шаһардағы №176, №188 мектеп-лицейлерінде «Жас шекарашы» әскери-патриоттық клубтары ашылатын болды. Бұл үшін қос тарап меморандумға қол қойып, жастарды патриоттық рухқа тәрбиелеуге арналған шараларды бірлесіп жүзеге асыруға уағдаласты.

Лайықты бағасын беру керек, мұндай клуб Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Қаскелең» шекара бөлімшесінің учаскесіндегі К.Ушинский атындағы орта мектебінде ашылған болатын. Тіпті, аталған клубтың алғашқы кадеттері «Қаскелең» шекара бөлімшесіне келіп, ант қабыл-



дағаны есте. Осылайша, тұсаулары кесіліп, шекарашылардың шебіндегі өмірімен жақын танысуға мүмкіндік алған жас ізбасарларымыз осында ұйымдастырылған «Ерлік сабағы», «Ашық есік күні» секілді патриоттық шаралардың қонағына айналған. Әрине, олар мұнымен шектелмекші емес. Шекара басқармасының Ақжардағы оқу базасында болып, осында ұйымдастырылған қару-жарақ, байланыс құралдарына арналған көрмелерді тамашалады. Шекара басқармасы бастығының күрделі тапсырмаларын орындау үшін ашылған арнайы мақсаттағы ұтқыр іс-қимылдар тобының саптық алаңдағы жойқын қимылдарын асқан қызығушылықпен тамашалаған.

...Негізі, Сержанттарды даяулау мектебі туралы аз-кем айтар болсақ, мұнда жыл басынан бері Шекара қызметінің департамент-

теріне жіберілген 100-ге тарта әскери қызметшілер біліктілік курсын аяқтап, сертификат алды. Олар – байланыс мамандары, мобильді топ бастықтары және қызметке жаңа алынған келісімшарт негізіндегі әскери қызметшілер болып келеді. Сонымен қатар, полковник А.Базарқұлов басқаратын бөлімнің жеке құрамы ортақ мәмілеге келіп, меморандум жасасқан мектептердің жоғары сынып оқушыларымен кездесіп, жастарды жоғары әскери оқу орындарына шақыруға арналған үгіт-насихат жұмыстарын жүргізді.

Бұл – ойға алған мақсаттың біртіндеп жүзеге аса бастағанының айғағы. Алда қауырт жұмыстар күтіп тұр.

**Әскери журналист
Т.ДӘУЛЕТБАЕВА, «OS-ЧР».**
**Суреттер департамент
мұрағатынан.**



ОСЕНЬ-2025

ПОСТИГАЯ АЗЫ СЛУЖБЫ

Вместе с осенью, по уже сложившейся традиции, в Пограничную службу КНБ прибыло новое пополнение. Учебные центры вновь ожили – зазвучали команды, стройные ряды курсантов заполнили плацы, закипела жизнь.

Отдел профессиональной и технической подготовки первого дивизиона береговой охраны Департамента Пограничной службы по Мангистауской области ежегодно принимает молодых солдат. Именно здесь новобранцы постигают азы воинской службы, учатся жить по распорядку дня, осваивают основы воинской дисциплины и отрабатывают профессиональные навыки пограничников.

Сегодня в отделе проходят обучение свыше двухсот курсантов, половина из которых – уроженцы Мангистауской области. По словам заместителя командира первого дивизиона береговой охраны – начальника отдела капитана 1-го ранга Куандыка Каирлетова, служба в родных краях помогает молодым бойцам быстрее адаптироваться к военной жизни и с большей ответственностью относиться к выполнению задач.

– Когда человек служит недалеко от дома, ему морально проще. Он знает свой край, климат, людей. Такие ребята быстрее привыкают к службе, стараются показать себя с лучшей стороны. Многие из них после срочной службы остаются на контракт и продолжают охранять родные рубежи, – отмечает офицер.

В сентябре новая страница жизни на-



чалась у Нурдаулета Унайбаева, уроженца села Баскудук Мунайлинского района Мангистауской области.

– О том, что буду служить именно в Пограничной службе, узнал после получения повестки. Честно говоря, не испугался, хотя понимал, что легко не будет. Я очень обрадовался, ведь защищать государственные рубежи во все времена считалось почетной миссией, – говорит Нурдаулет.

После завершения курса обучения матрос будет служить на пограничном сторожевом корабле в должности рулевого.

Нурали Бурахан прибыл в учебный центр из Восточно-Казахстанской области. Сейчас он осваивает специальность дизелиста-электрика сторожевого пограничного корабля.

– Здесь я понял, что в армии нет случай-

ных людей, потому что служба на границе требует отличной физической подготовки и моральной стойкости. И я к этому готов. Кроме того, я получу хорошую техническую подготовку, которая пригодится и в гражданской жизни. Учиться, конечно, сложно, но интересно. Хорошо, что в школе я любил математику и физику – теперь эти знания помогают мне быстрее осваивать сложную технику, – с улыбкой рассказывает Нурали.

Первые недели службы у новобранцев проходят насыщенно. Расписание у молодых пограничников строгое: подъем, зарядка, завтрак, занятия по боевой и строевой подготовке, изучение техники, чистка оружия, ужин, личное время, вечерняя прогулка и отбой.

– Так будет и дальше, – говорит старший офицер отдела майор Раджан Киноятов. –

Позже, когда ребята придут в пограничные подразделения и на корабли, к этому режиму добавятся боевые дежурства и патрулирование государственной границы. Вся жизнь солдата подчинена дисциплине. В учебном центре мы передаем солдатам знания и опыт, которые пригодятся не только на службе, но и в гражданской жизни. Здесь многие переосмысливают себя, начинают ценить родных и понимать, что значит слово «ответственность», – отмечает офицер.

Служат в учебном центре братья-близнецы Диас и Дамир Муратбековы, призванные из Актюбинской области. После обучения братья будут служить на посту технического наблюдения и охранять акваторию Каспийского моря с помощью радиолокационной станции.

– Мы с братом всегда были рядом – и в школе, и в спорте, и теперь вот на службе, – говорит Дамир. – Рад, что нас распределили вместе. Так легче привыкать к армейской жизни, поддерживаем друг друга. Главное – не подвести доверие командиров и достойно выполнить долг перед Родиной.

Жизнь в учебном центре действительно кипит. На протяжении трех месяцев новобранцы будут осваивать основы военной подготовки, учиться работать в команде, закалять характер и волю.

А пока остается пожелать ребятам стойкости, терпения и уверенности в своих силах. Совсем скоро их ждет важное событие – торжественная церемония принятия Военной присяги.

Капитан А.ЖАНАЛИПОВ, «OS-ЧР».
Фото рядового С. КОБЛАН.

ЧЕСТЬ И СЛУЖБА

25 октября – особая дата в истории нашей страны. В этот день в 1990 году Верховный Совет Казахской ССР принял Декларацию о государственном суверенитете, ставшую первым шагом к независимости. Документ закрепил важнейшие принципы: целостность и неприкосновенность территории, право самостоятельно решать судьбу государства, укреплять безопасность и строить будущее на основе собственных интересов. Эти нормы позже легли в основу Закона о независимости Республики Казахстан и Конституции, став отправной точкой современного Казахстана.

В преддверии праздника мы побеседовали с человеком, чья судьба тесно связана с историей независимого Казахстана – генерал-майором Токтасыном Бузубаевым, офицером, посвятившим всю жизнь охране государственной границы.

Токтасын Исакович принадлежит к поколению военных, на плечи которых выпала трудная, но почетная миссия – создать систему защиты рубежей молодой республики. Родившийся в семье фронтовика, в 1967 году он поступил в Алма-Атинское высшее пограничное командное училище, которое окончил в 1971 году.

Службу начал с должности заместителя начальника пограничной заставы Краснознаменного Маканчинского отряда, затем прошел обучение в Военной академии имени Фрунзе и участвовал в боевых действиях в Афганистане. После провозглашения независимости Т. Бузубаев сыграл важную роль в формировании новой пограничной службы Казахстана.

В период с 1992 по 1995 годы он занимал пост заместителя командующего Пограничными войсками РК. В этот период он руководил направлением и координацией деятельности «Отдельного сводно-стрелкового

батальона РК», направленного для оказания помощи в организации охраны таджикско-афганской границы. Это происходило в сложных условиях гражданской войны в Таджикистане, где требовались высокая выучка, выдержка и ответственность командиров. Позднее он занимал ответственные должности – заместителя председателя Государственного комитета по охране государственной границы, первого заместителя начальника Главного штаба Вооруженных Сил, Командующего Пограничными войсками и Председателя Комитета по охране государственной границы РК.

Отдельная страница его службы – в реформировании Договора о коллективной безопасности (ДКБ), который позднее стал Организацией Договора о коллективной безопасности (ОДКБ). С 2000 по 2009 годы работал заместителем Генерального секретаря ОДКБ, а с 2009 по 2014 годы – заместителем председателя Исполнительного комитета СНГ.

Именно поэтому сегодня мы вспоминаем и рассказываем о таких людях, как генерал-майор Токтасын Бузубаев. Его жизненный путь – пример офицерской чести, служебной преданности и настоящего патриотизма. Ве-



теран подчеркивает: «Главная сила любого государства – это люди, которые искренне служат своей стране. Независимость не бывает раз и навсегда завоеванной – ее нужно ежедневно защищать трудом, службой и ответственностью».

Эти слова звучат особенно весомо в дни, когда мы вспоминаем начало государственности. Поколение Токтасына Исаковича не только охраняло границы, но и закладывало основы современной армии, пограничной службы, дипломатии и международного сотрудничества.

«Мы тогда понимали: молодое государство нуждается в крепкой системе безопасности. Поэтому задача была одна – создать надежные рубежи, подготовить профессионалов и сохранить верность делу, которому служишь», – вспоминает генерал.

Сегодня его имя с уважением произносят многие офицеры и курсанты. Для молодых

пограничников генерал-майор Т.Бузубаев – пример человека, посвятившего жизнь служению Родине, не на словах, а на деле.

«Дорогие пограничники! Сердечно поздравляю вас с Днем Республики! Вы – первые, кто встречает рассвет независимого Казахстана. От вашей службы зависят мир, уверенность и спокойствие всей страны. Желаю вам стойкости, верности Военной присяге и новых достижений во имя процветания нашего Отечества!», – обратился ветеран к личному составу Пограничной службы.

Слова Токтасына Исаковича звучат как напутствие для тех, кто сегодня несет службу на границе. Его жизнь и карьера – это пример настоящего офицерского долга, верности Присяге и любви к Родине. Молодые пограничники видят в нем человека, который посвятил себя службе без остатка и доказал, что честь и ответственность – это главные качества защитника Отечества.



ШЕКАРА ЖЫЛНАМАСЫ

МАРАПАТ – АДАЛ ҚЫЗМЕТТІҢ АЙҒАҒЫ

Әскери өмірдің өзегі – Отанға адалдық пен борышқа беріктік. Әрбір сарбаз, әрбір офицер өз күнін ел тыныштығын қорғауға арнап, қырағылық пен тәртіптің үлгісін көрсетеді. Сол еңбектің, сол адал қызметтің бағалануы – үлкен мәртебе. Марапат алу – жай ғана құрмет емес, ол сенің еңбегіңнің еленгені, мемлекет сеніміңнің белгісі.



беріледі. Бұл марапат – ел қауіпсіздігін қамтамасыз етуде жоғары жетістіктерге жеткен, тәлімгерлік пен жауапкершілікті бойына сіңірген азаматтарға көрсетілетін құрмет.

Ал «Ұлттық қауіпсіздік комитетінің үздігі» төсбелгісі – өз ісінде табандылық пен шығармашылық танытып, нақты нәтижеге қол жеткізген мамандарға табысталады. Бұл белгі – кәсібиліктің және жеке бастың жауапкершілігінің белгісі.

Шекара қызметінің ардагерлері мен сарбаздары үшін ерекше құрмет саналатын марапаттар – «Құрметті шекарашы» және «Шекара қызметінің үздігі». Бұл төсбелгілер ел шекарасын мінсіз күзетіп, әскери тәртіп пен жауынгерлік рухты жоғары деңгейде ұстаған қызметкерлерге табысталады. Мұндай марапатқа ие болу – нағыз шекара қорғаушысы атанудың айғағы.

Медальдар да әскери еңбектің биік бағасы. «Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудегі үлесі үшін» медалі – ел егемендігін, аумақтық тұтастығын және мемлекеттік қауіпсіздігін қорғауда ерекше табысқа жеткен офицерлер мен қызметкерлерге беріледі. Бұл марапаттың иесі – ел мүддесін бөрінен жоғары қоятын, қауіп-қатерге қарсы тұра алатын нағыз кәсіби маман.

«Шекараны үздік күзеткені үшін» медалі – ерлік пен батылдықтың белгісі. Оны

шекарада жауынгерлік тапсырмаларды мінсіз орындап, тәртіп пен дайындықта үздік шыққан сарбаздар алады. Мұндай марапат – өмір бойғы мақтаныш әрі жас буынға үлгі.

Көпжылдық адал қызметтің жемісі ретінде «Ұлттық қауіпсіздік комитетінің ардагері» медалі беріледі. Бұл марапат – тәжірибелі мамандардың еңбегіне, олардың ұзақ жылғы еңбегі мен ел алдындағы жауапкершілігіне деген ризашылық.


«Мінсіз қызметі үшін» медалі үш дәрежеден тұрады – 10, 15 және 20 жылдық үздіксіз, адал қызмет үшін. Бұл марапат иесінің бойындағы төзімділік, ұқыптылық пен елге деген сүйіспеншілікті айғақтайды.

Марапат – жай ғана елеу емес. Ол – сенім, жауапкершілік, рух пен бедел. Әр марапат иесі тек өз еңбегі үшін емес, өзінен кейінгі буынға үлгі болғаны үшін де құрметке лайық.

Бүгінгі шекарашы мен қауіпсіздік қызметкері үшін ең басты марапат – елінің сенімі мен тыныштығы. Төсіндегі медаль сол сенімнің белгісі, ал жүрегіндегі адалдық – нағыз ерліктің өлшемі.

Бетті дайындаған подполковник
Ж.КЕМЕЛ, «OS-ЧР».
Сурет редакция мұрағатынан.

ҮЗДІК ОФИЦЕР



ҚР ҰҚК Шекара қызметі Жетісу облысы бойынша департаменті Алакөл ауданы бойынша шекара басқармасы Арнаулы мақсаттағы мобильді іс-қимылдар бөлімінің бастығы майор Алмас Сағидолдаұлы – шекара шебінің сенімді сақшысы.

ШЕКАРАНЫҢ ҚЫРАҒЫ САҚШЫСЫ

Жыл басында ғана басылымға тағайындалған офицердің мақтан етер жетістіктері аз емес. Ол бөлімшенің жауынгерлік дайындығын арттырып, жеке құрамның кәсіби шеберлігін шыңдауда. Қызмет жылдарында қырағылық пен табандылықты бойына серік етіп келе жатқан шекарашы офицер жүзден астам шекара режимін бұзушыға тосқауыл болған. Бірнеше мемлекеттік шекараны заңсыз кесіп өтуге талпынған және мемлекеттік шекара режимін бұзғысы келгендерді қолға түсірді. Шекара соқпағында жүрген жиырма жылға жуық уақыт ішінде жолын кескен шекара бұзушылардың барлығы жөнінде күнін дәл басып айта алмайды. Десек те оның есінде 2013 жылдың 15 қарашасында қолға түсірген Ресей Федерациясының азаматы мен 2016 жылдың 28 қарашасында ұстаған Қытай азаматы - оның кәсіби шеберлігі мен жауапкершілігінің жоғары дәрежеде екенінің дәлелі. Арнаулы мақсаттағы мобильді іс-қимылдар бөлімін басқару кезінде 2023-2024 жылдары үздік гарнизон бастығы атағын иеленді.

Жеке құрам арасынан қоян-қолтық ұрыс спортынан бес әскери қызметшіні тәрбиелеп шығарды. Оның ішінде үш әскери қызметші спорт шеберіне үміткер атанды. Өзі де аталған спорт түрінен департамент чемпионы, облыс жүлдегері, Үшарал гарнизонының бірнеше дүркін жеңімпазы.

ҚР ҰҚК Шекара академиясын тәмамдаған кейінгі алғашқы қызмет орны - Күршім шекара отрядының «Өрел» шекара заставасы. Кейін Үшарал шекара отрядының «Шолақ», Күршім шекара отрядының «Теректі», Мақаншы шекара отрядының «Майталғазы» шекара заставаларында түрлі қызметтерде болған. 2016 жылы ҚР ҰҚК Шекара қызметінің Орталық ап-

паратынан келген тексерушілер тобынан жоғары баға алып, бөлімшесі 2016-2018 жылдары Мақаншы шекара отрядтарында үздіктер қатарынан түспеді.

Алмас Сағидолдаұлы сияқты шекарашы офицерлер тұрғанда, шекарамыздың әрбір қарысы қырағы күзетілетін болады. Ол бүгінде талай жас сарбазға бағыт беріп, үлгі болып келеді. Жауынгерлік дайындықта да, шұғыл тапсырмаларды орындауда да әрдайым алдыңғы шепте. Кәсіби шеберлігі мен ұйымдастырушылық қабілетінің арқасында талай шекара бұзушы қолға түсті, мемлекеттік шекараның тұтастығына нұқсан



келтіретін қауіптердің жолы кесілді.

Майор Алмас Сағидолдаұлындай қайсар рухты офицерлер тұрғанда, халқымыздың ең қымбат байлығы - тәуелсіздігіміз сенімді қолда. Себебі, бүгінгі күннің батырларының маңызды қызметтері Отан үшін баға жетпес өрлік. Шекара шебі Алмастай азаматтардың қолында тұрғанда ел іргесі ешқашан сөгілмейді. Ал көк байрағымыз әрқашан аспанымызда желбіреп тұрады сөзсіз!



Подполковник М.ҚАРЕКЕНОВ, «OS-ЧР».
Суреттер жеке мұрағаттан.

ЖАУАПКЕРШІЛІК ПЕН ЕРЛІК ИЕСІ

ҚР ҰҚК Шекара қызметі Абай облысы бойынша департаменті Семей шекара басқармасының «Қарағайлы» шекара бөлімшесінің бастығы капитан Ыбрахимұлы Бақдәулет – өз кәсібіне адал, ел қауіпсіздігін қорғау жолында абыройлы еңбек етіп жүрген офицер.

Бақдәулет Ыбрахимұлы 1996 жылдың 12 қыркүйегінде Оңтүстік Қазақстан облысы, Келес ауданына қарасты Қошқарата ауылында дүниеге келген. Бала-лық шағынан жауапкершілік пен тәртіптілікті ту еткен ол мектеп қабырғасынан бастап әскери мамандыққа ерекше қызығушылық танытып, өмірлік бағытын ерте айқындады. 2003–2014 жылдары Сарыағаш ауданындағы Нұрғиса Тілендиев атындағы №80 жалпы орта мектепті тәмамдап, арман қуып Алматы қаласындағы ҰҚК Шекара қызметі академиясына оқуға түседі.

2018 жылы аталмыш академияны «Шекара қызметі бөлімшелерінде жауынгерлік іс-қимылдарды басқару» мамандығы бойынша үздік аяқтап, лейтенант шенінде қызмет жолын бастайды. Алғашқы еңбек жолы – ШҚ «Солтүстік» өңірлік басқармасына қарасты 2034 әскери бөлімінің «Өскемен» шекара отрядына қарасты «Шемонаиха» шекара заставасы бастығының орынбасары қызметінен бастау алды. Мұнда ол кәсіби тұрғыда шыңдалып, әскери ұжым арасында беделге ие болды.

2020–2024 жылдары Шекара

қызметі Абай облысы бойынша департаментінің «Семей» шекара басқармасына қарасты арнаулы мақсаттағы ұтқыр іс-қимылдар бөлімшесінде офицер ретінде қызмет атқарып, ерекше тапсырмаларды орындауда жауапкершілік пен батылдық танытты. Әріптестері оны салқынқандылығы, шешім қабылдаудағы нақтылығы және сарбаздарға деген әділ көзқарасы үшін құрметтейді.

2025 жылдың қаңтар-мамыр айлары аралығында «Семей» шекара басқармасының жауынгерлік дайындық және әскерлер қызметі бөлімінің аға офицері ретінде тәжірибе жинап, сол жылы мамыр айында «Қарағайлы» шекара бөлімшесінің бастығы болып тағайындалды. Қазіргі таңда капитан Ыбрахимұлы басшылық ететін бөлімше шекара шебінде өз міндетін мінсіз атқарып, жауынгерлік әзірлікті арттыру бағытында жүйелі жұмыс жүргізуде.

Бақдәулет Ыбрахимұлының өмірлік ұстанымы – «Шекарашы – ел қорғаны, антына адал болуы тиіс». Осы қағиданы басшылыққа ала отырып, ол жас сарбаздарды Отанға адал қызмет етуге, тәртіп пен бірлікке тәрбиелеп келеді.



Отан алдындағы борышын адал өтеп жүрген офицердің отбасы да – нағыз берекенің бейнесі. Жұбайы Биинбай Нұржанат Абдуллақызы – 2000 жылы дүниеге келген, өмірлік серігіне сенімді тірек, отбасының жылылығын сақтап отырған жан. Ерлі-зайыптылардың екі қызы бар: Бақнұр және Еркеназ. Кішкентай бүлдіршіндер әкесінің әскери киімін көрген сайын, өздері де өскенде ел қорғаушысы болуды армандайды.

Капитан Ыбрахимұлының қызмет жолы – жас офицерлерге үлгі. Әскери антқа адалдық, ел тыныштығын қорғау жолындағы қажырлы еңбек пен рухани биіктік – нағыз шекарашының келбеті осы десек, Қарағайлы бөлімшесінің бастығы соның жарқын дәлелі.

Аға лейтенант Е.ҚАЙРТАЙ, «OS-ЧР». Суретті түсірген автор.

ШЕКАРА АЙБЫНЫН АСЫРҒАН

Тарихтың қай бетін парақтасаңыз да, ұлтарақтай жер үшін ұрандаған еңселі өрлермен бетпе-бет келесіз. Бүгінгі талассыз тосқауылдарды еңсерген жасыл күнқағарлы жігіттер азаттық аңсаған баһадүр бабаларымыздың лайықты жалғасы. Еліміздің барлық өңірлерінде міндетін мүлтіксіз атқарып, елге епкіндікті енші еткен еңселілер ел ішінде. Солардың бірі – ҚР ҰҚК ШҚ Ақтөбе облысы бойынша департаментіне қарасты «Әлімбет» шекара бөлімшесінің бастығы капитан Нұрбек Бауырбекұлы.

Нұрбек Бауырбекұлы 1992 жылы Шығыс Қазақстан облысының Мақаншы ауданындағы Келдімұрат ауылында дүниеге келген. 2014-2018 жылдар аралығында Нұрбек Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара академиясында білім алып, әскери қызметтің негіздерін меңгеріп шығады. Академияда алған теориялық білімдерін практикалық дағдылармен ұштастыра отырып, шекара қызметінің күрделі әрі жауапты міндеттеріне дайындықты арттырады.

2018 жылы Ақтөбе облысы Хобда ауданындағы «Терісақан» шекара бөлімшесінде бөлімше бастығының орынбасары лауазымына тағайындалды. Бұл оның мансабындағы алғашқы маңызды қадам болатын. Жас маман ретінде ол шекаралық қауіпсіздікті қамтамасыз ету, заңсыз миграцияны бақылау және контрабандалық әрекеттердің алдын алу бойынша көптеген тәжірибе жинақтаған.

2020 жылдың сәуірінде «Байторысай» шекара бөлімшесінің бастығы болып тағайындалды. Ол осы қызметте бөлімшенің тиімділігін арттыру, қызметкерлердің кәсіби біліктілігін көтеру және жаңа технологияларды енгізу бойынша белсенді жұмыс жүргізді. 2025 жылдың қаңтар айында Нұрбек Бауырбекұлы «Әлімбет» шекара бөлімшесінің бастығы қызметіне тағайындалды..

Ол ҰҚК ШҚ академиясына аяқ баспастан бұрын мектепте оқыған кезінде 6 жыл қатарынан шаңғы тебу спортымен айналысқан. Бойға біткен темірдей төзімділік сол бір есті жылдардың естелігі сынды. Ол уақыт шеңбері. Шаңғыдан Қазақстан Республикасының спорт шеберіне үміткер атағының иегері. Салауатты өмір салтын ұстанған ұлан жасөспірімдер арасында жалауы желбіреген бірқатар байрақты бәсекелерде жоғары нәтиже көрсеткен. ҰҚК Шекара академиясындағы жылдары да спорттық сайыстар-

дың бел ортасында төбе көрсетті. Академия қабырғасында өткен шаңғы жарысынан жүлделі орындарға ие болған. Күні бүгінге дейін еншілеген меншікті марапаттары қызметтік жетістіктерге жетуге мүмкіндік сыйлады.

Өмір өнегеге толы оғлан бүгінде отбасын құрып үлгерген. 1 қыз бен 1 ұлдың әкесі болып отыр. Отбасы – оның өмірінің ең маңызды бір бөлшегі. Жұбайы, балаларымен өткізген уақыт оған қуат береді және жұмыстағы қиындықтарды жеңуге көмектеседі. Отбасының тірегі ретінде ол ұлттық мүдде жолында адал еңбек етіп, шағын отанының сенімді қамқоршысы болып келеді.

Капитан Нұрбек Бауырбекұлының өмірі мен қызметі – Отанға деген сүйіспеншіліктің, адалдықтың және жауапкершіліктің үлгісі. Ол ұлттық мүдде жолында аянбай еңбек етіп, ел тыныштығын қорғау үшін бар күш-жігерін салады. Оның іскерлігі мен табандылығы еліміздің қауіпсіздігін қамтамасыз етеді.

Қуатты құрылымның айбынын асырған антына адал офицердің алдағы қызметіне сәттілік тілейміз. Талай табыстарды еңсеріп, қызметтік жетістіктерге жетуіне тілектеспіз. Ұлттық мүдде жолында еңбек еткен азаматтарды халыққа таныстырып, қаламға арқау ету – біздің міндетіміз. Жерін сүйетін қаһармандарымыз аман болғай!



Аға лейтенант Ж.ШАРМАКОВ, «OS-ЧР».
Суретті түсірген автор.





Жақында Алматы облысы бойынша департаменті жаңа ғана ине-жіптен шыққан кителдеріне әлі шаң да қонып үлгермеген жас лейтенанттарды құшақ жая қарсы алып, құрмет көрсеткені жайында кеңінен қалам тербеген болатынбыз. Солардың бірі, ҰҚК Шекара академиясының алты айлық курсын бітіріп, жолдамамен Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасына жіберілген лейтенант Ақжол Бікеннің жақында қазақ-қырғыз шекарасын бұзған жателдікті ұстағанын естіп, елең ете түстік. Өйткені, бұл – әсіресе журналистер үшін шынында елең еткізер оқиға болатын.

ТАҢ АЛДЫНДАҒЫ АЛДАМШЫ ТЫНЫШТЫҚ...

Сондықтан, жас офицерлерді ұлықтауға арналған рәсім біте салып, біз болашақ кейіпкерімізбен сұхбат-тасуға асықтық. Обалы нешік, Ақжол да кейбіреулер секілді тартынып, месселімізді қайтарған жоқ. Қуана келіскен ол алдымен өзі туралы тоқтала кеткен. Сөйтсек, лейтенант өзінің азаматтық борышын 2017 жылдың көктемінде әскерге алынып, Шығыс Қазақстан облысы бойынша департаментінің Зайсан ауданы бойынша шекара басқармасына қарасты «Обалы» және «Ақжон» шекара бөлімшелерінде өтепті. Жоғары білімді.

«Ақжон»... Топырағы сусып қолға тұрмайтын құмның ішінде орналасқан бұл бөлімшенің өзгелерден тағы бір өзгешелігі сол, мұнда қызмет атқарған шекарашы аптап ыстық пен сары аяздың теперішін көріп қана қоймайды. Қара Ертіске жақын тұрғандықтан, шекарашыларға көктем бастала салып, қалың маса мен машқара, шыбын-шіркейден қорғануға тура келеді... Бірақ бұл – бірде бір шекарашының жігерін мұқалтып, рухын түсіре алған жоқ. Керісінше, олардың ерік-жігерлерін жани түскенін мақаламыздың бүгінгі кейіпкері Ақжолдың өзі-ақ дәлелдеп тұр. Ал «Обалы» шекара бөлімшесі болса... Осыдан біраз жыл бұрын біз мұнда да журналистік іссапармен болғанымыз бар. Табиғаты әсем таудың ішінде тұрған бөлімшенің учаскесін аралаған кезімізде ғасырлар бұрын пайда болған бал-бал тастарға тап болғанымыз әлі естен шыға қойған жоқ. Бір сөзбен, екі бөлімшенің жеке құрамы тіршілігі бір-біріне кереғар жерде өмір сүріп жатыр. Ақжол екеуінің де куәгері...

Бұл туралы лейтенант А.Бікеннің өз айтары бар: «Шынымды айтсам, «Ақжон» да, «Обалы» да менің көңіліме ыстық. Мені шыдамды, табанды болуға үйреткені үшін. Сосын таудың ішінде тұрғандықтан, «Обалы» шекара бөлімшесін де көрмет деп айтуға келмейді. Оның да бір басына жетерлік мінезі бар. Құбылмалы. Соған қарамастан, туған жеріңнің шетінде тұрғаны үшін де өзін қалай қызғыштай қорғауға кіріскенінді білмей қаласың. Сеніңіз, мен жылтыр сөз айтудан аулақпын, шындығы осы. Осыдан кейін мен әскерде біржола қалуды шештім...»

Сөйтіп, араға екі жыл салып, алдымен Ақжардағы Байланыс полкіне қызметке қабылданған Ақжол 2022 жылы Ақпараттық қауіпсіздік бөлімшесіне ауысқанға дейін осындағы коменданттық ротада қызмет атқарады. Әрі қарай, Қарасай ауданы бойынша шекара басқармасының «Қастек» шекара бөлімшесіне жіберіледі.

– Шекараға деген сағынышым тыныштық берген жоқ, – дейді ол әңгімесін жалғастырып. Сондықтан, мені бөлімшенің радиотелефоншысы лауазымына тағайындаған кезде қуанышымда шек

болған жоқ. Енді міне, бүгін өзіңіз көріп тұрғандай, бөлімше менің бағымды ашып, лейтенант атанған жайым бар...

... Енді «Жамбыл» шекара бөлімшесіндегі құрықтау оқиғасына келетін болсақ, бұл кезде ол қысқа мерзімді курсты бітіріп, енді әскери шеннің берілер сәтінен тағатсыздана күтіп жүрген. Сондай күндердің бірінде ол Жамбыл бабамыздың туған жеріндегі шекара бөлімшесіне іссапарға жіберіледі. Ал шекараға келген кез келген офицер міндетті түрде шекараға қызметке шығады. Аға нарядшы болып...

– Түнгі 12.00-де басталған қызмет таңғы 4-ке дейін жалғасуға тиіс – дейді лейтенант А.Бікен шекарада өрбіген оқиға туралы. Қасымда қатардағы жауынгерлер Нұрсұлтан Тәшкенбай, Ескендір Мейрам және Жалғас Тұрғанов. Негізі, шекара бойындағы қызметіміз тыныш өткен. Ақыры кері бөлімшеге оралып келе жатып, инженерлік қоршаулардың бірінің зақымдалғанын байқадым. Бірден аумақты бақылауға алып, бұзылған жерді жөндеу үшін қатардағы жауынгерлер Тұрғанов пен Тәшкенбайды жібердім. Негізі, таудың ішінде қараусыз жайылып жүрген төрт түліктің бірі бұзды дейтіндей, жақын маңнан бірде-бір жануар көзге шалынған жоқ. Сондықтан, тыныштықтың алдамшы екенін жақсы білетін шекарашы болғандықтан, айналаға дүрбі салып көруге шешім қабылдадым. Көп ұзамай, шекаралық қоршауға жақын маңнан атты адам байқалды. Өзінің жүрісі күдік шақырып тұр еді. Біз артынан байқатпай ілестік. Белгісіз адам болса, менің жауынгерлерім кеткен жаққа қарай бет алған. Осыған қарағанда, өзі бұзған шекаралық қоршау арқылы кері өтпекші. Бірақ алдынан сарбаздар, артынан біз барып, артық қимыл жасауға мүмкіндік бермедік. Тексерген кезімізде, ол елдің азаматы болып шықты.

Міне, Ақжолдың ел шебіндегі алғашқы құрықтау операциясы осылай өрбіпті. Айтпақшы, офицер басқарған шекара нарядының құрығына түсіп қалған шекара бұзушыны біз «Жамбыл» шекара бөлімшесінде күтіп алғанбыз... Солай.

Иә, ел шебінде ерлер жүр. Иығына офицердің алғашқы қос жұлдызын жақында ғана таққан кейіпкеріміз солардың бірі екенін, оның Шығыс Қазақстан облысындағы Ақжоннан бері қарай жосылып жатқан жолдары айғақтап тұр еді.



**Әскери журналист
Т.ДӘУЛЕТБАЕВА,
«OS-ЧР».**
Суретті түсірген
автор.

ҚЫЗМЕТІНЕ БЕРІК ШЕКАРАШЫ

Шекара — елдің іргесі, бейбітшіліктің тірегі. Сонымен қатар, Мемлекеттің тәуелсіздігі мен тұтастығы – ең алдымен оның шекарасының беріктігімен өлшенеді. Бұл – ғасырлардан бері дәлелденіп келе жатқан шындық. Ал сол шекараны күзетіп тұрған әр шекарашы – ел амандығының, ұлт тыныштығының қорғаны. Осындай абыройлы міндетті арқалап жүргендердің бірі – ҚР ҰҚК Шекара қызметі Ақтөбе облысы бойынша департаментіне қарасты «Жайсан» шекара бөлімшесінің 3-ші жедел тобының бастығы, сержант Қазмұханов Орынғали Бактиғалиевич.



1982 жылдың 6 ақпанында Ақтөбе облысы, Мөртөк ауданының кең даласында дүниеге келген Орынғали Бактиғалиевичтің балалық шағы еңбекпен, ауылдың сабырлы тәрбиесімен өрілді. Туған жерінің топырағы, егіс даласының иісі мен еңбек адамдарының қарапайым өмірі оның бойына тезім мен табандылықты сіңірді. Кішкентай күнінен-ақ ауылдағы шекарашылардың тік жүрісін, әскери тәртібін көріп өскен бозбала болашақта солар сияқты ел қорғаушы болуды армандады.

«Отан қорғау – ер азаматтың ең үлкен парызы» деген сөз оның жүрегінде бала кезден орын тапты. Сол сенім оны өмір бойы жетелеп келеді.

2000–2002 жылдары ҚР ҰҚК Шекара қызметінің қарамағындағы 2020 әскери бөлімінде мерзімді әскери борышын өтеді. Ол осы екі жылда темірдей тәртіпті, сабыр мен табандылықты, ең бастысы – Отан алдындағы жауапкершілікті үйренді. Әрбір сап, әрбір бұйрық оған өмірдің мәнін, азаматтық парыздың салмағын сезіндірді.

2004 жылдың 8 тамызында Орынғали Қазмұханов «Жайсан» шекара бөлімшесіне атқаш болып қабылданды. Қызметке келген алғашқы күннен-ақ ұқыптылығы әрі табандылығымен көзге түсті. Көп ұзамай ол қызметтік иттерінің

аға жетекшісі, кейін нұсқаушысы лауазымына дейін өсті. 2023 жылдың ақпан айында 3-ші жедел топтың бастығы қызметіне тағайындалды.

Бүгінде шекара қызметінде 23 жылдан астам еңбек өтілі бар сержант Қазмұханов – өз ісінің майталманы. Жылдар бойы жинаған тәжірибесі мен сабырлылығы оны нағыз жедел топ бастығы дәрежесіне жеткізді.

Шекара бөлімшесінің топ бастығы болу – сырт көзге тек қызмет секілді көрінгенімен, бұл – жауапкершілігі ауыр, мінезі мен тәртібі сыналатын сала. Сержант О. Қазмұханов жеке құраммен саптық, дене және атыс дайындықтарын үнемі өткізіп отырады. Ол үшін шекарадағы сенімділік – үздіксіз жаттығу мен тәртіптен басталады.

Орынғали Бактиғалиевич тек кәсіби маман ғана емес, тәлімгер де. Жас шекарашылар үшін ол ұстаз, ал әріптестері үшін – сенімге ие жан.

Ол үшін тәлімгерлік – міндет емес, жүрек қалауы. «Білгенінді үйрету – елге қызмет етудің бір түрі» деген қағидасын ол күн сайын ісімен дәлелдеп келеді.

Қызмет барысында Орынғали Қазмұханов бірнеше мәрте департамент басшылығының алғыс хаттары мен құрмет грамоталарына ие болған. Дегенмен ол үшін ең

үлкен марапат – шекараның беріктігі, әріптестерінің сенімі мен отбасының амандығы.

Ол жары екеуі үш баланы тәрбиелеп отыр. Үйдегі татулық, еңбектің қадірін білетін ұрпақ тәрбиелеу – оның ең үлкен жетістігі. Отбасындағы үйлесім мен қызметтегі жауапкершілік бір-бірін толықтырып тұрғандай егіз ұғым.

Шекараны күзету – жай ғана әскери міндет емес. Бұл – елдің болашағын ойлай тұрып, тәуелсіздікті сақтау. Орынғали Қазмұханов үшін шекара – киелі ұғым. Ол күзеткен әр шақырым – мемлекеттік шекараның қауіпсіздігінің көпірі, әрбір күзет бекеті – елдің тыныштығының тірегі. Сержант Орынғали Қазмұханов – адалдық пен еңбекқорлықтың, сабыр мен жауапкершіліктің үлгісі. Қарапайым ауыл баласы қажырлы еңбегімен, темірдей тәртібімен, Отанға деген адалдығымен ел тыныштығының қорғанына айналды. Осындай қайсар мінез шекарашыларымыздың арқасында ел шекарасы берік, мемлекетіміздің іргесі мықты. Бүгінгі ұрпақ үшін ол – қызметке адалдықтың, қарапайымдылықтың және отансүйгіштіктің жарқын бейнесі.

**Аға лейтенант
Ж.ШАРМАКОВ, «OS-ЧР».**
Суретті түсірген автор.

АЙБЫНДЫ САҚШЫ

Қазақстан Республикасының мемлекеттік шекарасын күзету – елдің тыныштығы мен қауіпсіздігін қамтамасыз ететін қасиетті міндет. Осы жауапты істі абыроймен атқарып жүрген әскери қызметшілердің бірі – Арнасай шекара бөлімшесі 2-ші мобильдік тобының бастығы, аға сержант Бердалиев Ғалымжан Турғаналиевич. Оның әскери жолы – табандылықтың, адалдықтың және елге деген сүйіспеншіліктің айқын көрінісі.

Бердалиев Ғалымжан 1978 жылдың 1 қарашасында Түркістан облысы Шардара қаласында дүниеге келген. Шоқан Уәлиханов атындағы мектепте білім алып, жас кезінен



еңбекқор әрі жауапкершілікті болуға тәрбиеленді. 2002 жылы отау құрып, бүгінде жұбайымен бірге төрт перзент – үш ұл мен бір қызды тәрбиелеп отырған ардақты әке.

Жас сарбаздың Отан алдындағы алғашқы қадамдары 1997–1999 жылдары Теміртау қаласындағы 5516 әскери бөлімінде мерзімді қызметтен басталды. Ал 2006 жылдан бастап ол өмірін шекара күзетіне арнады. Алдымен Сарыағаш шекара басқармасында десанттық-шабуылдау тобында бөлімше командирі қызметін атқарды. Кейін Ордабасы шекара бөлімшесінде тәжірибесін жалғастырып, 2010 жылдан бері Арнасай шекара бөлімшесінің

2-ші мобильдік тобының тұрақты басшысы болып келеді.

Аға сержант Ғ.Бердалиев өзінің әскери қызметінде талай құқықбұзушылықтың алдын алды. Оның ұқыпты жұмысының арқасында шекара арқылы балық, түсті металл, алкогольдік ішімдік және құнды заттарды заңсыз өткізу әрекеттері тоқтатылды. 2025 жылы шекара режимін бұзған ҚР азаматтары және шекаралық аймақта жүріп-тұру тәртібін бұзған шет ел азаматтары анықталды. Бұл – оның кәсіби біліктілігі мен жауапкершілігінің нақты дәлелі.

Ғалымжан Бердалиев үшін шекара күзету – тек қана қызмет емес, ел алдындағы адалдықтың, туған жерге деген сүйіспеншіліктің айғағы. Оның еңбек жолы жас сарбаздарға үлгі болып, патриоттық рухты арттыра түсуде. Арнасай шекара бөлімшесінің аға сержанты Бердалиевтың табанды еңбегі – Қазақстан шекарасының берік қалқаны екенінің айқын дәлелі.

**Майор Р.АСАДИЛОВ,
«OS-ЧР».** Сурет шекара бөлімшесінен.

ЕЛ ШЕБІНДЕГІ ЕР – РАФХАТ ТАЙКЕНЖИН

Отан алдындағы борышына адал, кәсібіне шынайы берілген, өмірін ел тыныштығы мен азаматтардың қауіпсіздігіне арнаған жан – аға сержант Тайкенжин Рафхат Мақашұлы.

Рафхат Мақашұлы 1988 жылдың 23 маусымында Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданының Өнеге ауылында дүниеге келген. Бала Рафхат кішкентайынан еңбекқор, сабырлы, ұқыпты болып өсті. Таңғы қоңырау сыңғырымен мектепке асығып, әр сабақты зейінмен тыңдайтын. Өнеге ауылының бастауыш мектебінде алғаш әріп таныған бала жүрегінде елге деген сүйіспеншілік ерте ұялады. Кейін Ө.Сақыпов атындағы мектеп-интернатында білім алып, тәртіп пен жауапкершіліктің мәнін ұғынды.

Жастайынан техниканың тілін тапқан ол №9 кәсіптік училищеде ауыл шаруашылығы механигі мамандығын меңгеріп, В және С санатты жүргізуші куәлігін иеленді. Бірақ оның өмірлік жолы ауылдан алысқа, шекараның қатал да қасиетті өміріне қарай бұрылды.



2008 жылдың желтоқсанында Рафхат Алматы қаласындағы 5572 әскери бөлімінде Отан алдындағы борышын өтеді. Сол жерде ол әскери тәртіп пен ел

қорғаудың салмағын терең сезінді. Мерзімді қызмет аяқталып, туған жеріне оралған соң да ол қарапайым тіршіліктің қамымен шектелмей, жүрегінің түкпіріндегі бір үнді тыңдады. Ол үн – Отанға қызмет ету, шекараны күзету, тыныштықты қорғау еді.

Сөйтіп, 2012 жылдың 28 қыркүйегінде Рафхат Мақашұлы Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметінің қатарына қабылданып, 2036 әскери бөлімінің «Алғай» шекара заставасында қызметін бастады. Әр күнін ел қауіпсіздігімен байланыстырып, әр түнін күзетпен өткізген сарбаздың ерлікке толы кезеңдері дәл осы тұстан басталды.

2014 жылы ол Жәнібек шекара бақылау-өткізу пунктіне ауысып, 7 жылдан астам уақыт бойы жауапты қызмет атқарды. Осы жылдары талай қауіпті жағдайдың алдын алып, талай шекаралық заңбұзушылықты әшкереледі.

2017 жылы шекарадан заңсыз өтпек болған жүк көлігінің жүргізушісінен 17 оғы бар тапанша тауып, қылмыстың жолын

кескені – оның қырағылығы мен батылдығын айқын дәлелдеді. Бірақ Рафхаттың есімі халық жадында ең алдымен ерлік пен адамгершіліктің бейнесі ретінде қалды.

2023 жылдың 28 тамызында үш жасар бүлдіршіннің жоғалғаны туралы хабар тарағанда, қараңғы түнде барлық күш құрылымдары мен еріктілер жұмылды. Сол түнгі суықта Рафхат өз қызметтік итімен бірге із кесіп, таңғы сағат төрт шамасында кішкентай қызды аман-есен тауып, ата-анасының құшағына қосты. Бұл сәтте бүкіл ауыл тынысын бір босатып, Рафхаттың есімін алғысқа бөледі. Оның осы ерлігі мемлекет тарапынан жоғары бағаланып, 2024 жылдың 2 мамырында Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығымен «Ерлігі үшін» медалімен марапатталды.

Арада бір жыл өткенде, 2025 жылдың 29 қыркүйегінде, тағы да бір түнгі іздеу басталды. Ұзынқал ауылында үйінен ренжіп кеткен 10 жасар баланы іздеуге шыққан аға сержант Тайкенжин мен қызметтік

иті Ройтер таңғы сағат төрттің шамасында баланы тауып, отбасына аман жеткізді. Бұл – ерліктің кездейсоқ емес, мінездің көрінісі екенін тағы бір дәлелдеді.

Бүгінде Рафхат Мақашұлы «Қайрат» шекара бөлімшесінде қызметтік итер бойынша аға нұсқаушы болып еңбек етіп келеді. Ол – әріптестері үшін сабырдың, жауапкершіліктің, қайсарлықтың үлгісі. Ал отбасы үшін – мейірімді әке, сүйікті жар, қадірлі ұл. Төрт қыз бен бір ұл тәрбиелеп отырған көпбалалы әке ел тыныштығының күзетінде жүрсе де, үйіне әр оралған сайын балалардың күлкісін ең үлкен марапат деп біледі.

Аға сержант Рафхат Тайкенжиннің өмір жолы – батылдық пен қарапайымдықтың, парыз бен жүрек жылуының тоғысқан тұсы.



Аға лейтенант А.КӨЛБАЙ, «OS-ЧР». Сурет бөлімшеден.

АДАЛ ҚЫЗМЕТ АБЫРОЙҒА ЖЕТКІЗЕР

Еліміздің шекара тыныштығын күзету - ержүрек, батыл және елжанды азаматтардың еңбегіндегі мәртебелі міндет. Бүгінгі мақалам осындай азаматтардың бірі - Шекара қызметінің Павлодар облысы бойынша департаментіне қарасты «Желтоқсан» шекара бөлімшесінің мобильді топ бастығы - кіші сержант Қаймулдинов Алмаз Бисенбайұлы туралы болмақ.

Алмаз 1989 жылы 27 ақпанда Ресей Федерациясының Новосібір облысы, Карасук қаласында дүниеге келген. 9-сыныпты тәмамдаған соң, 2004 жылы Павлодар қаласындағы С.Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетіне қарасты колледжде оқуға түсіп, «Ақпаратты өңдеу және басқарудың автоматтандырылған жүйелері» мамандығын меңгереді. Білімі мен өмірлік ұстанымын қалыптастырған бозбала 2007 жылы Қазақстан Республикасының азаматтығын алып, келесі жылы Отан алдындағы борышын өтеуге әскерге аттанады. Әскерден оралған соң, достарының кеңесімен Шекара қызметіне құжаттарын тапсырып, 2010 жылы шекарашы атанады. Алғашқы қызметін «Рахат» шекара бөлімшесінің атқышы ретінде бастаған ол, кейін кинолог болып қызмет етеді. Уақыт өте келе біліктілігі мен жауапкершілігінің арқасында жаңадан құрылған «Ш.Уәлиханов» атындағы шекаралық бақылау бөлімшесіне аға

нұсқаушы болып тағайындалады. Ал 2022 жылдан бері «Желтоқсан» шекара бөлімшесінің мобильді топ бастығы қызметін абыроймен атқарып келеді.

Қаймулдинов Алмаз - білікті шекарашы ғана емес, өз ісіне ұқыпты, қолынан іс келетін шебер жан. Ол «Желтоқсан» шекара бөлімшесінің қоршауын тұрғызу мен нысан аумағын абаттандыру жұмыстарына белсене араласып, бүгінде жылпыту пунктінің құрылысын сәтті жүргізіп отыр.

Мобильді топ бастығы ретінде ол жеке құрамды әрдайым тәртіп пен бірлікке, шыдамды дене дайындығына баулиды. Спортты жанына серік еткен Алмаз, әсіресе, футбол ойынын ерекше ұната-тындығын айтты.

Он бес жылға жуық әскери қызметінде шекара бұзушыларды ұстауға қатысып, бірнеше рет марапаттарға ие болған кіші сержант Алмаз Қаймулдинов әріптестері арасында жоғары беделге ие. Бүгінде қызметтік міндеттерін абыроймен атқарып жүрген әскери қызметші өз еңбегінің, табандылығы мен адалдығының арқасында биыл көптен күткен жаңа пәтердің иесі атанғандығы туралы қуанышты жаңалығымен де бөлісті.

Алмаздың жұбайы Самал Қанатқызы – жергілікті мектепте ағылшын тілі пәнінің мұғалімі болып жұмыс істейді. Қазіргі таңда ерлі-зайыптылар үш бала тәрбиелеп отыр. Отбасында да, қызметінде де үлгі болар азаматтың өмірлік ұстанымы – «Тәртіп пен табандылық – табыс кепілі». Алмаздай адал әрі абыройлы шекарашылар барда еліміздің шебі берік, тыныштығы мәңгі бола бермек.

Майор Г.САДЫКОВА, «OS-ЧР». Сурет шекара бөлімшесінен.

В службе есть имена, за которыми стоят не просто звание и должность. За ними – характер, принципиальность, верность Родине. И имя старшего сержанта Азамата Кабурова по праву можно вписать в список тех, кто не словом, а делом укрепляет щит безопасности нашей страны.



СЛУЖИТЬ ЗАКОНУ – ХРАНИТЬ ГРАНИЦУ

Уже более 16 лет он стоит на страже закона и государственной границы. И вся его жизнь это пример того, как из простой мечты рождается путь служения, с которого невозможно свернуть.

Старший сержант А. Кабуров родился 6 мая 1985 года в селе Жана Жол Северо-Казахстанской области. Как и у многих мальчишек того времени, его мечта была проста и сильна: служить Родине честно, по-настоящему. Эта мечта не осталась в детстве – она стала его судьбой.

Окончив школу имени Г. Мусрепова в родном селе, он получил юридическое образование в Казахско-Российской академии, но знал: знания закона по-настоящему важны тогда, когда они работают на защиту страны. В 2006 году он уходит на срочную службу, попадая в город Жаркент – прямо на последний рубеж Родины. С тех пор все стало ясно: граница – его призвание.

В 2009 году он поступает на контрактную службу в воинскую часть 2032 и с этого момента начинается его путь в Пограничной службе.

Сегодня Азамат Сади-

рович – специалист отдела дознания и административного производства ДПС по Северо-Казахстанской области. Здесь он защищает границу не в степи, а в документах, протоколах, досудебных материалах – там, где судьба правонарушения зависит от точности, принципиальности и знания закона.

Только за 9 месяцев т.г. старшим сержантом А. Кабуровым было оформлено более 1000 административных производств. Каждое из них – это не просто работа с бумагами, а конкретное решение, влияющее на безопасность, порядок и дисциплину.

Значительная часть дел касается иностранных граждан, которые нарушили условия пребывания на территории Казахстана. Отсутствие регистрации, превышение сроков нахождения, пренебрежение миграционными правилами.

Также старшим сержантом оформлено множество материалов по нарушению порядка в приграничной зоне. Здесь важно не просто зафиксировать факт, но и предупредить, объяснить, сохранить порядок, не допустить повторения.

Свою главную опору пограничник нашёл в 2009 году, когда судьба подарила ему супругу – Айнуру Каирбековну. С ее теплом, заботой и верой они идут по жизни плечом к плечу. Вместе они воспитывают двух замечательных детей: сына Диаса, который учится в 8-м классе и мечтает о военной форме, и дочь Сабину, которая в свои 10 лет выбрала не менее важный путь – стать врачом.

За сухими строками административного протокола стоит не просто бумага. Стоит реальная защита интересов государства, правопорядка и границы. Именно этим занимается старший сержант Азамат Кабуров – не на передовой с оружием в руках, но в правовом окопе, где каждое слово и подпись – это щит закона.

И пока такие, как он, стоят на посту – граница надежно закрыта не только от тех, кто пытается проникнуть в страну незаконно, но и от хаоса, небрежности и беззакония.

Майор Д. МУКАЖАНОВА, «OS-ЧР». Фото из личного архива А. КАБУРОВА.

ОН ПРОСТО ДЕЛАЕТ СВОЮ РАБОТУ

Встреча с Кайратом Галеевым началась, как это часто бывает у пограничников, без лишних слов. Спокойный, сдержанный, внимательный к деталям – видно, что человек привык к дисциплине и точности.

Он служит контролером в отделении пограничного контроля «Костанай» (авиационное) Департамента ПС КНБ по Костанайской области.

– Служба как служба. Работаем с людьми, проверяем документы, все должно быть четко. На ошибку нет права, – говорит спокойно Кайрат Галеев, будто речь идет о чем-то привычном. А между тем, за его плечами более двадцати лет службы.

Кайрат Какиджанович родился 18 февраля 1979 года в селе Алакамыс Варненского района Челябинской области. В шестнадцать лет переехал с семьей в поселок Комсомолец (ныне – Карабалык). Там окончил сельскохозяйственный техникум, который сегодня называется Казахстанским агротехническим колледжем.

После учебы он был призван в армию, в г. Уральск, в воинскую часть 5517 Внутренних войск РК.

Как говорит наш герой, армия его многому научила. Дисциплина, ответственность – это все очень помогло потом ему в жизни.

После демобилизации Кайрат Галеев работал в разных местах, но, как он говорит: «Все равно тянуло туда, где порядок и форма».

Так, в декабре 2003 года он поступил на воинскую службу в Пограничные войска. За эти годы сменил несколько направлений: отделения пограничного контроля «Кайрак» (железнодорожное) и (автомобильное), «Тобол» (железнодорожное), а сегодня несет службу в отделении пограничного контроля «Костанай» (авиационное).

Один из запоминающихся случаев в его службе произошел в 2014 году, когда Кайрат вместе с коллегами задержал 11 человек, пытавшихся пересечь границу по поддельным документам.

– Это работа. Бывает по-всякому. Главное – вовремя заметить, не пропустить, – говорит без пафоса пограничник.

За долгие годы службы Кайрат получил благодарности, медали, но о наградах говорит неохотно. Он не любит громких слов – просто делает свое дело, как привык.

Его супруга Гульжана Мухтаровна – учитель русского языка и литературы средней школы №31 города Костаная.

– Он не любит рассказывать о службе. Просто говорит, что все хорошо у него. Мы уже привыкли, что его работа такая: тихая, ответственная, требующая внимания, – говорит она.

На вопрос: «А не страшно, когда он уходит на смену?» Гульжана отвечает, что нет, так как, они с дочерьми знают, что он всегда вернется, он всегда надежен.

И действительно, в разговоре с Кайратом чувствуется уверенность человека, который не ищет славы, но стоит на своем месте крепко и спокойно. Таких людей не часто встретишь – без лишних слов, без показного героизма. Просто надежный человек, на которого можно положиться.

Старший лейтенант Н.САКЕН, «OS-ЧР».

Фото из личного архива К. ГАЛЕЕВА.



ЛОКАТОР БАҚЫЛАУЫНДА

Цифрлық технологиялар ғасырында техникалық құралдар мемлекеттік шекараны қорғауда ерекше орын алады. Оларды пайдалану бақылау сапасын арттыруға, жеке құрамға түсетін жүктемені азайтуға және адами фактордың ықпалын барынша төмендетуге мүмкіндік береді.

Алайда, басты рөл әлі де адамдарға – заманауи техникамен жұмыс істей білетін мамандарға тиесілі. ҰҚК Шекара қызметі Маңғыстау облысы бойынша департаментінің Қарақия ауданы бойынша шекара басқармасындағы сондай мамандардың бірі – мерзімді әскери қызмет атқарып жүрген қатардағы Берік Советдинов.

Берік «Ақшұқыр» шекара бөлімшесіне қарасты «Ақтау» техникалық бақылау постында қызмет етеді. Ол Каспий теңізі акваториясын бақылауға жауапты. Жаңаөзен қаласының тумасы бұл постта небәрі бір ай қызмет атқарғанымен, өз жауапкершілігі және ұқыптылығымен ерекшеленіп үлгерген.

– Өткен аптада қатардағы Советдинов радиолокациялық кешенде кезекшілікте тұрғанда, Қазақстанның аумақтық суларына рұқсатсыз кірген яхтаны байқады. Уақтылы берілген нысаналы мәліметтің арқасында шекара наряды жедел түрде оқиға орнына жетіп, екі құқықбұзушыны ұстап, олар әкімшілік жауапкершілікке тартылды, – дейді шекара бөлімшесінің бастығы, аға лейтенант Асхат Асанбек.

Офицердің айтуынша, Берік – жауапкершілігі жоғары әрі байқағыш сарбаз.



Оның сөзінше, техникалық бақылау құралдары операторларын даярлау ерекше маңызды, себебі олардың дәлдігі мен жылдам әрекеті шекара қауіпсіздігіне тікелей әсер етеді.

Көрсеткен қырағылығы мен кәсіби біліктілігі үшін сарбаз шекара басқармасы бастығының атынан алғысқа ие болды.

Берік өзі қызмет ететін «Ақтау» постын ерекше ықыласпен айтады:

– Мені 2025 жылдың наурыз айында әскерге шақырды. Бірінші жағалау күзеті дивизионының оқу орталығында радиолокациялық станциямен жұмыс істеуді үйрендім. Алғашында оңай болған жоқ – техника күрделі, көптеген ерекшелік-

тері бар. Бірақ офицерлердің бастылығымен тез үйреніп, құралмен сенімді жұмыс істеуді меңгердім, – дейді қатардағы Советдинов.

Қазір жас сарбаз өз дағдыларын жетілдіріп, еліміздің теңіз шекарасын қорғау жөніндегі міндеттерін абыроймен атқарып келеді. Оған сәттілік тілейміз, локаатор экранындағы белгі ешқашан жаңылыспасын!



Капитан А.ЖАНАЛИПОВ, «OS-ЧР». Суретті түсірген автор.

ОТАНҒА АДАЛ ҚЫЗМЕТ – БАСТЫ БОРЫШ

Еліміздің егемендігі мен тыныштығын сақтау жолында аянбай еңбек етіп жүрген патриот азаматтар мен әскери қызметшілер – мемлекетіміздің тірегі, ұлт қауіпсіздігінің кепілі. Олар тәуелсіз Қазақстанның шекарасын күзетіп, ел тыныштығын қорғау ісінде асқан жауапкершілік пен ерлік көрсетіп келеді. Әскери форма киген әрбір жан – батырлықтың, тәртіптің және адалдықтың символы.

арман оның өмірлік бағытын айқындап, ел қорғаны болуға жетеледі.

Мектеп қабырғасында белсенділігімен көзге түскен ол, оқуды тәмамдаған соң Приозерск қаласындағы әскери бөлімде Отан алдындағы борышын абыроймен өтеді. Әскери ортадағы тәртіп пен ұйымшылдық оған өмірлік сабақ болып, болашақ қызмет жолында берік негіз қалдырды. Әскер қатарынан оралғаннан кейін Әскер Қыпшақбайұлы жүрегіндегі патриоттық рухпен ҰҚК Шекара қызметі сапына қосылып, ел қауіпсіздігін қорғау ісіне белсене кіріседі. Қызмет барысында түрлі шекара бөлімшелерінде еңбек етіп, әр орында өз міндетін жауапкершілікпен атқара білді. 2019 жылы ол Шекара қызметінің музыкалық ансамбліне қызмет атқарып, шығармашылық қабілетімен де көзге түсті. Ән мен өнер арқылы шекарашы беделін көтеріп, әскери ұжымның рухын нығайтуға үлес қосты. Қазіргі таңда кіші сержант Абилов Әскер

Қыпшақбайұлы идеологиялық бағытта қызмет атқарып, түрлі патриоттық іс-шаралардың ұйымдастырылуы мен өткізілуіне белсене қатысуда. Оның жүргізушілік шеберлігі, шығармашылық қабілеті және ұйымдастырушылық тәжірибесі шекара қызметінің имиджін арттыруға зор үлес қосуда.

Отбасында да ол – мейірімді әке, екі баланың тәлімгері. Ұрпағына елге адал қызмет етудің, еңбекқорлық пен отансүйгіштіктің үлгісін көрсетіп келеді. Кіші сержант Әскер Қыпшақбайұлы Абилов – өз ісіне адал, рухы мықты, нағыз патриот тұлға. Оның еңбек жолы мен өмірлік ұстанымы жас шекарашылар үшін үлгі болары сөзсіз.



Аға лейтенант А.ТӨЛЕБАЙ, «OS-ЧР». Сурет департаменттен.

OTAN SAQSHYSY

Часовой Родины

ҚР ҰҚК Шекара қызметінің апталық газеті
Меншік иесі: Қазақстан Республикасы ҰҚК Шекара қызметі
Редакцияның мекенжайы: Астана қаласы, Лепсі көшесі, 63.
Бас редактор: 8 (7172) 57 00 38
Жауапты хатшы: 8 (7172) 72 81 57
Бөлімдер: 8 (7172) 72 81 56
E-mail: smi_rodgap@mail.ru
ҚР ҰҚК Шекара қызметінің ресми сайты: gov.kz/memleket/entities/shekaraknb

Бас редактор: Рахат Нурғалиев
Редактор: Азамат Муханов
Жауапты хатшы: Еркін Қайбуллин
Тілшілер: Жанар Кемел, Олжас Жаксылыков, Айдос Киргизбаев, Диас Жамухамбетов
Меншікті тілшілер:
Алматы – Тамара Дәулетбаева
Ақтау – Асхат Жаналипов
Ақтөбе – Жасұлан Шармаков
Талдықорған – Манарбек Қарекенов
Жамбыл – Асылан Жексенбин
Шымкент – Рауан Асадилов
Қызылорда – Әкімжан Төлебай

Өскемен – Ғалымжан Бакетов
Семей – Ердос Қайратай
Петропавл – Динара Мукажанова
Павлодар – Гүлзада Садыкова
Қостанай – Нұрсұлтан Сакен
Орал – Айжан Көлбай

Фототілшілер: Асхат Сәбиев, Өмірбат Айтәлі, Диас Куанышев, Айзат Нұкешов
Компьютерлік безендіру және беттеуші: Нұрхан Кабдулов, Турманова Индира
Корректорлар: Өркен Шопашев, Майра Касенова
Немірдің кезекші редакторлары: А.Киргизбаев, Д.Жамухамбетов

Қолжазбалар мен фотосуреттер рецензияланбайды және қайтарылмайды. Жарияланған материалдардағы уақыт пен деректердің, цифрлардың дәлдігіне автор жауап береді.
Газетті есепке қою туралы № 1394-г күзеті
2000 жылғы 1 тамызда Қазақстан Республикасының Мәдениет, ақпарат және қоғамдық министрлігі келісім берген.
“OS-ЧР” газеті ҚР ҰҚК ШҚ Әскери-патриоттық қызмет басқармасында теріліп, беттелді.

Газеттің апталық таралымы – 2417 дана.
«Имприм» ЖШС баспаханасында басылды.
Астана қаласы, А.Жұбанов көшесі, 24/1.

БЕС ЖАСАР ҚЫЗДЫ ҚҰТҚАРДЫ

Қарабалық ауданында болған бұл оқиға – ерлік пен адамдықтың жарқын үлгісі. Бір қарағанда, әдеттегі жексенбілік күн. Бірақ дәл сол күні болған сәттер бір отбасының, бәлкім, бүкіл ауданның есінде ұзақ сақталады.



5 қазан күні түстен кейін шамамен сағат 16:00-де шекара қызметінің подполковнигі, Қостанай облысы бойынша Шекара қызметі департаментінің әскери қызметшісі Мадияр Болатбекұлы Ертілеуов отбасымен бірге демалыс күнін өткізген. Қонаққа келген қайын атасы Мурат Шамбилұлы Даулетбаевты аудан орталығымен таныстыру үшін бәрі бірге көлікпен серуенге шыққан.

Кенет көше бойында балалардың үрейлі дауысы естілді. Бір топ бала қолдарын бұлғап, айқайлап жүгіріп келді:

– Апайымыз құлап кетті! Құдыққа түсіп кетті!

Мадияр Болатбекұлы тежегішті басып, көлікті тоқтатты. Бірнеше секундтан кейін ол оқиғаның мәнісін түсінді — жол жиегінде ашық жатқан канализациялық септик, ал ішінде көзге әрең көрінетін су мен қозғалыс.

– Сол сәтте бәрі автоматты түрде болды, – дейді шекарашы. – Қайын атам бірінші болып жүгіріп барды. Мен оның бөлінен ұстап, төмен еңкейіп көмектестім. Бірінші рет ұстай алмады, бірақ екінші әрекетінде қыз баланы киімінен іліп алып, жоғары тартты.

Бала судан шыққанда ес-түссіз еді. Мадияр Болатбекұлы ойланбастан алғашқы медициналық көмек көрсете бастайды: тыныс жолдарын тазалап, жасанды тыныс пен жүрекке жанама массаж жасайды. Бірнеше секундтан соң кішкентай кеуде дір ете түсіп, тыныс пайда болды.

– Ол дем ала бастағанда, барлығымыздың бойымыздан ауыр тас түскендей болды, – дейді подполков-

ник. – Бір сәт кешіксек, бәрі басқаша болар ма еді... Бірақ, Алла сақтады.

Қыздың үстіндегі су киім дереу шешіліп, жылы заттармен орап, жедел жәрдем шақырылды. Дәрігерлер келіп, кішкентай қызды ауруханаға жеткізді. Қуанышқа орай, оның өміріне қауіп төнбеді. Бірнеше күннен кейін қыз бала үйіне аман-есен оралды.

– Бұл бәрі бір-екі минуттың ішінде болды. Ондай сәтте ойланyp тұруға уақыт жоқ — тек әрекет ету керек. Ең бастысы – бала аман. Еңбегіміздің ең үлкен сыйы да – осы, – дейді Мадияр Болатбекұлы сабырлы да қарапайым үнмен.

Шекарашының борышы – тек шекара күзету емес

Бұл оқиға – батылдық пен адамгершіліктің тоғысы.

Күнделікті өмірде де шекарашының жүрегі сергек, әрекеті нық болатынына тағы бір дәлел.

Мадияр Болатбекұлы мен Мурат Шамбилұлының қырағылығы мен шалт шешімі арқасында бір бейкүнә баланың өмірі сақталды.

Олар өз борышын орындау үшін емес, адамдық парызын сезінгені үшін әрекет етті.

Ерлік – формада емес, жүректе. Осы жүрек – сол күні бір баланың өмірін сақтап қалды.



**Аға лейтенант
Н. САКЕН,
«OS-ЧР».
Сурет
департаменттен.**

САРБАЗ ХАТЫ

Сәлем хат!

Сәлеметсіздерме, Әкешім, Анашым бауырларым қолнағдайларыңыз қалай? Ауып-аймақ аман есен бе? Мен кеткелі қандай өзгерістер, жаңалықтар болып жатыр?

Ал енді өзімнің жағдайыма келетін болсам, менде бәрі жақсы. Әскери өмірге әбден төселіп, жаттығып алдым. Мен үшін қазір ерте тұру мүлдем емес. Ұқыптылыққа, тазалыққа, әскери мәрттікке үйрендім. Вуздан бөлек еліміздің әр жерінен келген, өзім сияқты жастармен таныстым. Біздің қазіргі ортақ ойымыз, мақсатымыз әскери борышымызды абыроймен атқару. «Жасы көптің нау алмайды», – дейді. Мен бір сәтте осыншама достар тапқанымға қатты қуанамын. Болашақта бұлармен мығыз қарым-қатынаста боломын деген ойдамын.

Әкешім! Үйде сіз маған оқығандарыңызды айтып отырушы еді-ңыз. Бұнда маған әскери өмірге машықтандырып, мәрттікке үйретіп, болашаққа батыл бағдар нұсқаушы білімді, білікті офицер мырзалар көптеп соналады. Әкешім, сізге мұндағы офицерлерге өз ризашылығымды білдіремін.

Анашым! Сіздің маған арнаған әрбір күніңізбен, түніңізді өтемін болашақта қайтарамын деп үзге беремін.

Құрметті менің жақындарым! Бірнеше айлардан кейін бұйырма өздеріңізбен бірге боломын. Мен үшін апаңдамаңыздар. Сәлем жоңдаушы өздеріңіздің ұлдарыңыз. Есхат

ҰҚК шекара қызметі Нөміс облысы бойынша
Алқөл ауданы бойынша Үш арал шекара басқармасы
күзет тобы қатардағы жауынгер
Бейсетап Есхат Нұмарұлы

